

КАҚ «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»

Қ. Тұрысов атындағы «Геология, мұнай және тау-кен ісі институты»

«Мұнай Инженерия» кафедрасы

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B07204 - «Petroleum engineering»

Білім беру бағдарламасы бойынша техника және технологиялар бакалавры

2-басылым

2018 жылдың жоғары білім МЖМБС-на сәйкес

Алматы 2020

Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	1-бет (116)
--	--	-------------------------	-------------

Бағдарлама Мұнай Инженерия кафедрасының меңгерушісі және профессор-оқытушылар құрамымен құрастырылған

МИ кафедра меңгерушісі



Сыздықов М.Қ.

келісілген:

ГМЖТКІ Институт Директоры



Рысбеков Қ.Б.

Жұмыс берушілер тарапынан:

1. Асқар Мұнара, ЖШС «ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау технологиялары ғылыми-зерттеу институты», кенорындарды жоспарлау бойынша басқарушы директор
2. Бейбіт Джуманов, ұңғыны аяқтау бойынша инженер, Weatherford.

Серіктес университет тарапынан:

1. Erdal Ozkan, Колорадо тау-кен мектебінің Мұнай Инженерия кафедрасы меңгерушісі, Petroleum Engineering бағдарламасының Индустриялық Консультациялық Кеңестің Төрайымы.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілген.  
14.01.2020 жылдың №4 хаттамасы.

**Біліктілік:**

Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-Деңгейі:

6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары

6B072 Өндіру және өңдеу салалары

**Кәсіби құзыреттілік:** Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау, кенорындарды игеру, мұнай мен газды өндіру және тасымалдау үрдістері мен технологияларын ұйымдастыру және басқару

Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГМЖТКІ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	2-бет (116)
--	--	-------------------------	-------------

**МАЗМҰНЫ**

	бет
<b>БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ</b>	4
<b>Білім беру бағдарламасын әзірлеу мақсаты</b>	4
<b>Осы білім беру бағдарламасын әзірлеуде қолданылатын нормативті құжаттар</b>	4
<b>Білім беру бағдарламасын әзірлеудегі жалпы ережелер</b>	5
<b>Кәсіби және еңбек қызметі</b>	6
<b>Байланыс деректері</b>	7
<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР</b>	8
<b>Оқуға түсушілерге талаптар</b>	8
<b>Оқуды аяқтау және дипломды игеру талаптары</b>	12
<b>Minor (degree) қосымша дәрежесін алу политикасы</b>	12
<b>ECTS стандарты бойынша дипломға қосымша</b>	13
<b>PETROLEUM ENGINEERING ОБ АҒЫМДАҒЫ ОҚУ ЖОСПАРЫ</b>	15
<b>«PETROLEUM ENGINEERING» ББ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕРІ</b>	16
<b>PETROLEUM ENGINEERING ОБ МАҚСАТТАРЫ</b>	19
<b>БІЛІМ, БІЛІКТІЛІК, ДАҒДЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ ДЕҢГЕЙ ЖӘНЕ КӨЛЕМ ДЕСКРИПТОРЛАР</b>	22
<b>ПӘНДЕР СИПАТТАМАСЫ</b>	26
<b>МІНДЕТТІ ПРОФИЛЬДІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ</b>	50
<b>ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ</b>	76
<b>ҚОСЫМША 1 – SPE ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МАТРИЦАСЫ</b>	110
<b>ҚОСЫМША 2 – ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ТАРАПЫНАН ШКІР</b>	113
<b>ҚОСЫМША 3 – СЕРІКТЕС УНИВЕРСИТЕТ ТАРАПЫНАН ШКІР</b>	116

## **БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

### **Білім беру бағдарламасын әзірлеу мақсаты**

Білім беру бағдарламасы – бұл Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті әзірлеген және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі бекіткен құжаттар жиынтығы. ОБ-да өңірлік еңбек нарығының қажеттіліктері, мемлекеттік органдардың талаптары және тиісті салалық талаптар назарға алынады. ОБ тиісті салада жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандартына негізделген.

Білім беру бағдарламасы бағдарламалық білім беру мақсаттарын, білім алушылардың оқу нәтижелерін, оқу процесін жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды, қажет мазмұнды және технологияларды, оқу барысында және бітіргеннен кейін білім алушылардың сапасын бағалау және талдауды анықтайды.

Білім беру бағдарламасы студенттердің сапалы білім алуын қамтамасыз ету үшін ағымдағы оқу жоспарын, пәндердің мазмұны мен нәтижелерін және басқа материалдарды қамтиды.

Студенттер, мұғалімдер мен салалық сарапшыларға білім беру процесінің құрылымын түсінуге көмектесу және оқу жоспары мен курстың мазмұны бітіргеннен кейін қажетті негізгі құзыреттілікті қалыптастыруға қалай ықпал ететінін көрсету «Petroleum Engineering» ОБ-ның мақсаты болып келеді. ОБ-ның соңғы, бірақ маңызды мақсаты - барлық мүдделі тараптар, соның ішінде үкімет, мемлекеттік органдар, мұнай-газ саласы, жоғары оқу орындары, ата-аналар, студенттер және қоғамдастық үшін «Petroleum Engineering» оқу бағдарламасының жүзеге асуы мен қажеттілігіне ортақ негіздеме жасау.

### **Осы білім беру бағдарламасын әзірлеуде қолданылатын нормативті құжаттар**

«Petroleum Engineering» білім беру бағдарламасын дамыту үшін қолданылатын құқықтық база және ұсынылған әдістер:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы;
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысы (2017.07.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);
- 050708 - "Мұнайгаз ісі" мамандығы бойынша МЖМБС 03.08.334.-2006 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	4-бет (116)
--	--	-------------------------	-------------

- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің басқа нормативті және әдістемелік құжаттары;
- Мұнай газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық біліктілік шеңберлері, Астана қ., 2017 ж., <http://www.kazenergy.com/upload/document/industry-frame/ork.pdf> (соңғы рет 2018 ж. 10 желтоқсанында қол жетілген);
- Салалық біліктілің шеңберін әзірлеу және дайындау бойынша әдістемелік ұсыныстар Астана қ., 2016 ж., <http://atameken.kz/uploads/content/files/Методика%20%20ОПК%202016.pdf> (соңғы рет 2018 ж. 10 желтоқсанында қол жетілген);
- Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университетінің ректоры бекіткен "Мұнайгаз ісі" мамандығы бойынша жұмыс оқу жоспары;
- Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университетінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша TQM жүйесінің құжаттары (Жалпы сапа менеджменті);
- SPE-дің (Мұнайшы-инженерлер қоғамы) «Petroleum Engineering» мамандығы бойынша оқу жоспарының үлгісі, <https://www.spe.org/members/docs/Model-Petroleum-Engineering-Curriculum.pdf> (соңғы рет 2018 ж. 10 желтоқсанында қол жетілген);
- Түлектер-инженерлерге арналған SPE-дің техникалық білім матрицасы [http://www.spe.org/training/docs/graduating\\_matrix.pdf](http://www.spe.org/training/docs/graduating_matrix.pdf) (соңғы рет 2018 ж. 10 желтоқсанында қол жетілген);
- SPE-дің құзыреттілік матрицасы, <https://www.spe.org/training/competency.php> (соңғы рет 2018 ж. 10 желтоқсанында қол жетілген);
- ABET–тің аккредиттеу критерийлері және растайтын құжаттары, <http://www.abet.org/accreditation/accreditation-criteria/>

### **Білім беру бағдарламасын әзірлеудегі жалпы ережелер**

1-суретте көрсетілгендей, сапалы білім беру бағдарламасын анықтайтын ережелер бағдарламаның миссиясына тығыз байланысты оқу бағдарламасының ((Program Educational Objectives, бұдан әрі - ОБМ) анық және нақты мақсаттарымен басталады. Одан бөлек ОБМ студенттердің оқуды аяқтағаннан кейінгі күтілетін білім мен дағдыларын анықтайды. Оқуды аяқтаудан бұрын студенттердің білім мен дағдыларын қалыптастыру үшін «Petroleum Engineering» ОБ ABET-тің (Техника және технологияларды аккредиттеу жөніндегі кеңес) 3-критерийіне - Студент нәтижелері (Student Outcomes) сүйенді, өйткені инженерлік мамандықтар арасында ABET аккредитациясы өте беделді және ұсынылатын болып саналады.

Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	5-бет (116)
--	--	-------------------------	-------------



**1 – Сурет: Оқу бағдарламасының анықтамасындағы әртүрлі компоненттердің өзара байланысы**

### **Кәсіби және еңбек қызметі**

Кәсіптік қызмет саласы немесе кәсіптік топ - жалпы интеграциялық негізге ие (ұқсас немесе ұқсас мақсаттар, нысаналар, технологиялар, еңбек құралдарын қоса алғанда) және оларды жүзеге асыру үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын білдіретін өнеркәсіптік еңбек қызмет түрлерінің жиынтығы.

Еңбек қызметінің түрі немесе кәсіби кіші топ кәсіби топтың бір бөлігі болып табылады, еңбек функцияларының ажырамас бөлігі және олардың орындалуы үшін қажетті құзыреттілік қалыптастыратын кәсіптер жиынтығы.

Кесте 1-де салалық біліктілік шеңберіне сәйкес, «Petroleum Engineering» ОҚ түлектеріне арналған кәсіби қызметінің 5 негізгі саласы және 21 еңбек қызметінің түрі көрсетілген. «Petroleum Engineering» ОБ дайындалуына кәсіптік қызметтің негізгі бағыттарын жіктеудің жаһандық мұнай-газ саласының тәжірибесі ескерілгенін атап өткен жөн. Мысалы, СБШ-ның қазіргі классификациясы «Мұнай және газ кен орындарын игеру» бағыты - физикалық-химиялық әдістер, механизмдер мен жинауыш қабаттарда кездесетін процестер және оның құбылыстарды сапалы сипаттау болып табылады. Осылайша, «Petroleum Engineering» ОБ мұнай-газ өнеркәсібінің тек ең үздік халықаралық қана емес қолданыстағы тарихи тәжірибеге негізделіп құрылған.

1 – кесте: Салалық біліктілік шеңберіне сәйкес мұнай және газ өнеркәсібіндегі кәсіби қызмет салалары және еңбек қызметінің түрлері (6-ші деңгей: бакалавриат)

<b>Кәсіби топ</b>	<b>Кәсіби кіші топ</b>
<b>Мұнай мен газды барлау</b>	Мұнай мен газды геологиялық және геофизикалық барлау
<b>Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау</b>	Бұрғылауды басқару
<b>Мұнай мен газды өндіру</b>	Өндірісті басқару
	Арнайы техника мен өндірістік жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету
	Мұнай және газ ұңғымаларын пайдалану
	Қабат қысымын ұстау
	Ұңғының жерасты жөндеу
	Ұңғыны күрделі жөндеу
	Мұнай мен газды дайындау және айдау
	Ұңғыманы зерттеу
<b>Мұнайды тасымалдау</b>	Өндірісті басқару
	Магистральды құбырларды пайдалану
	Услуги по транспортировке нефти
	Мұнай тасымалдау қызметі
	Технологиялық жабдықтарды және магистральды құбырлардың желілік бөліктерін диагностикалау
	Электрохимиялық қорғауды техникалық қамтамасыз ету
<b>Газды тасымалдау</b>	Өндірісті басқару
	АГЖ пайдалану және жөндеу, газ өнеркәсібі
	МГ сызықтық бөлігін пайдалану және жөндеу
	КС пайдалану және жөндеу
	МГ тауар-көліктік операциялары

### **Байланыс деректері**

Сыздықов Мұрат, Мұнай Инженерия кафедрасы меңгерушісі,

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

Сәтбаев көшесі 22-үй, Мұнай Ғимараты, 711-каб.

тел.: 8-727-257-7058, 8-707-323-6760

email: [M.Syzdykov@satbayev.university](mailto:M.Syzdykov@satbayev.university)

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

### Оқуға түсушілерге талаптар

ЖОО-на қабылдау орта және орта-мамандандырылған оқу орнын тәмамдаған, бірыңғай ұлттық тестілеу бойынша жинаған балл санын растайтын сертификатқа сәйкес конкурс негізінде талапкердің өтініші бойынша жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жалпы жинаған балл саны 65-тен жоғары болуы тиіс, соның ішінде математикалық, оқу сауаттылығы және Қазақстан тарихынан кем дегенде 5 балл және профильдік сабақтардан кем дегенде 5 балл болуы керек.

12 жылдық мектептерде, колледждерде, қолданбалы бакалавриат бағдарламалары бойынша, NIS және т.б. білім алған талапкерлерді бағдарламаға қабылдауда арнайы талаптар қолданылады. Мұндай талапкерлер ағылшын, математика, физика және арнайы пәндер бойынша диагностикалық тестілеуден өтуі керек.

2 – кесте: 12-жылдық орта, орта-техникалық және жоғарғы білім базасында оқыту үшін жеделдетіп (қысқартылған) оқу түріне кредитті қайта есептеу ережелері

Код	Құзырет түрі	Құзырет сипаттамасы	Құзырет нәтижесі	Жауапты
<b>ЖАЛПЫ</b>				
(Білім деңгейіне қарай мүмкін болатын қосымша толық оқытуды түспалдау)				
G1	Коммуникативтілік	- қысқаша біртүрлі ауызша, жазбаша және коммуникативтік дағдылар - екінші тілмен қысқаша емес коммуникативтік - әртүрлі жағдайда коммуникативтік байланысты қолдана білу - өз тілінде академиялық хаттың негізі бар - тіл деңгейіне диагностикалық тест	4 жылдық толық 240 академиялық кредитті меңгеру (соның ішінде 120 аудиториялық академиялық кредиттер) Ілгері деңгейі бар студентке екінші тіл бойынша кредитті қайта тапсыруға мүмкіндікпен. Тіл деңгейі диагностикалық тестпен анықталады.	Қазақ және орыс тіл кафедрасы, ағылшын тілі кафедрасы
G2	Математикалық сауаттылық	- Коммуникациялық деңгейде базалық математикалық ойлау – алгебраның математикалық аппараттық әртүрлі жағдайларды шешу және математикалық	4 жылдық толық 240 академиялық кредитті меңгеру (соның ішінде 120 аудиториялық академиялық кредиттер). диагностикалық тесті	Математика кафедрасы
Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы		Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	8-бет (116)



		талдау бастау - алгебра бойынша математикалық сауаттылықты тексеруге диагностикалық тест	дұрыс тапсырған жағдайда Математика І деңгейі, дұрыс тапсырмағанда – Алгебра және талдау негіздері деңгейі	
G3	Жаратылыстану-ғылыми пәндердің базалық сауаттылығы	- ғылымның негізгі заңдарының мәнін түсіну арқылы әлемнің ғылыми көрінісін базалық түсіну - базалық гипотезаны, заңдарды, әдістерді, қорытындыны тұжырымдау және кателіктің бағалау	4 жылдық толық 240 академиялық кредитті меңгеру (соның ішінде 120 аудиториялық академиялық кредиттер). диагностикалық тесті дұрыс тапсырған жағдайда Физика 1, жалпы химия, теріс болғанда – физика негіздері және базалық химия негіздері деңгейі	Жаратылыстану ғылымдары бағытындағы кафедралар
<b>АРНАЙЫ</b>				
(12-жылдық мектеп, колледж, жоғарғы оқу орны, соның ішінде гуманитарлық-экономикалық бағыттағы түлектердің компетенция бойынша білім деңгейіне байланысты кредитті қайта тапсыру есебінен қысқартып оқытуды білдіреді)				
S1	Коммуникативтілік	- қысқаша екі тілді ауызша, жазбаша және коммуникативті дағды - үшінші тілмен қысқаша емес коммуникацияға икемдігі - әртүрлі жанр мен стилде тақырып жаза білу - белгілі бір деңгейдегі (эссе) өз жұмысының интерпретациясын терең түсіну - базалық эстетикалық және теориялық сауаттылық толық қанды қабылдау	Тіл бойынша толық қайта тапсыру (қазақ және орыс)	Қазақ және орыс тіл кафедрасы
S2	Математикалық сауаттылық	- индукци мен дедукцияны қолданып арнайы математикалық ойлау, байыту және нақтылау, талдау және синтездеу, жіктеу және	Математика пәні бойынша кредиттерді қайта тапсыру (Calculus) I	Математика кафедрасы
Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы		Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	9-бет (116)

		<p>жүйелеу, дерексіздендіру және ұқсастық</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жинақтай білу, жағдайды негіздеу және дәлелдеу</li> <li>- Математикалық тапсырмаларға арналған формулалар мен кеңейтілген кеңістіктік қабылдауға жалпы математикалық түсінікті қолдану,</li> <li>- математикалық талдаудың толық негізін түсіну</li> </ul>		
S3	Жаратылыстану- ғылыми пәндер бойынша арнайы сауаттылық (Физика, Химия)	<p>-табиғат құбылыстарын терең түсініп болжамдайтын, әлемді кең ауқымда ғылыми қабылдау</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- когнитивтік қабілеттілігі, материяның бар екендігін ғылыми түрде тұжырымдау, өзара әрекеттесуі және табиғаттағы құбылыстары</li> </ul>	Физика I, Жалпы химия пәні бойынша кредиттерді қайта тапсыру	Жаратылыстану ғылыми бағытындағы кафедралар
S4	Ағылшын тілі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- әртүрлі білім саласында ағылшын тіліне өзбетімен арық қарай дайындалу</li> <li>- ағылшын тілін қолданып жобалық және зерттеу жұмыстарында тәжірибе жинақтауға дайындық</li> </ul>	Ағылшын тілі кредитін академиялық деңгейден ксіби деңгейге дейін қайта тапсыру (15 кредитке дейін)	Ағылшын тілі кафедрасы
S5	Компьютерлік дағды	<ul style="list-style-type: none"> <li>-заманауи бір тілде бағдарламалауды базалық дағдылар</li> <li>- әртүрлі пәндерді оқу үшін ттіркемелер және софт қолдану тіл деңгейі бойынша жалпы әлемдік</li> </ul>	Ақпараттық- коммуникациялық технологияларға кіріспе пәні бойынша кредиттерді қайта тапасыру, ақпараттық- коммуникациялық технологияла	Computer Science кафедрасы

		сертификат стандарттарының болуы		
S6	Әлеуметтік-гуманитарлық компентациялар және тәлім	- әлемді және елдерді дамытуға әр азамат үшін жауапкершілікті түсіну және ұғыну - қоғамда, мәдениетте және ғылымда этикалық және моральдық талқылау қабілеттілігі	Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша кредиттерін қайта тапасыру (мемлекеттік емтиханды қоспағанда)	Қоғамдық пәндер кафедрасы
		- заманауи ғылыми гипотеза және теория бойынша пікірді талқылау және сынды түсіну	Философия және басқа гуманитарлық пәндер бойынша кредиттерді қайта тапсыру	
<p style="text-align: center;">КӘСІБИ (АВ мектеп, колледж, жоғарғы оқу орны, соның ішінде гуманитарлық-экономикалық бағыттағы түлектердің компетенция бойынша білім деңгейіне байланысты кредитті қайта тапсыру есебінен қысқартып оқытуды білдіреді)</p>				
P1	Кәсіби компетенциялар	- 5 және 6 деңгейде деңгейде кәсіби компетенцияны терең түсіну және сын-көзбен қабылдау - игерілген бағдарлама аясында кәсіби сұрақтар бойынша талқылай білу және пікір таластыру	Жалпы және тарихи геология, кристаллография және минералогия, петрография, құрылымдық геология, оқу және өндірістік практиканы қосып базалық кәсіби пәндер бойынша кредиттерді қайта тапсыру	Мұнай Инженерия кафедрасы
P2	Жалпы инженерлік құзырет	-базалық жалпы инженерлік білім мен дағдылар, жалпы инженерлік тапсырмаларды және мәселелерді шеше білу - эксперименттік мағлұматтарды өндеуге қолданбалы бағдарламалардың пакетін қолдана білу, алгебралық және дифференциалды жүйелерді шешу	Жапы инженерлік пәндер бойынша кредиттерді қайта тапсыру (Инженерлік графика, сызба геометрия, ұңғыларды бұрғылау және тағы басқа)	Мұнай Инженерия кафедрасы
P3	Инженерлік-компьютерлік құзырет	- компьютерлік бағдарламаларды және жалпы инженерлік	Келесі пәндер бойынша кредиттерді қайта тапсыру: компьютерлік	Мұнай Инженерия кафедрасы
Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы		Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	11-бет (116)

		тапсырмаларды шешу үшін софтжүйе және компьютерлік бағдарламаларды қолданудың базалық дағдылары	графика, CAD негізі, САЕ негізі және тағы басқа	
P4	Инженерлік-жұмысшы құзыреті	- жалпы инженерлік тапсырмаларды шешу үшін техникалық құралдарды және эксперименттік бейімдеуді білу және дағдылану	Эксперименттік бағыттағы оқу пәндері : минералогия және тағы басқа пәндер бойынша кредиттерді қайта тапсыру	Мұнай Инженерия кафедрасы
P5	Әлеуметтік-экономикалық құзырет	- заманауи әлеуметтік және экономикалық сұрақтар бойынша когнитивті қабілеттілік және сын-көзбен түсіну - зерттеу нысанын және салалар бойынша жобаның табыстылығын экономикалық бағалауды базалық түсіну	Элективті циклде әлеуметтік-гуманитарлық және техника-гуманитарлық пәндер бойынша кредиттерді қайта тапсыру	Мұнай Инженерия кафедрасы

Диагностикалық тестің төмен нәтижесі немесе аяқталған пәндердің қорытынды бағалары А және В төмен кездерінде, университет кредиттерді есепке алуды қабылдамауға құқылы.

### **Оқуды аяқтау және дипломды игеру талаптары**

Университетті аяқтау және бакалавр академиялық дәрежесін игері үшін жалпы міндетті типтік талаптардың сипаттамасы: теориялық оқудың кемінде 240 академиялық кредитін игеру, қорытынды дипломдық жұмыс және мамандық бойынша мемлекеттік емтиханнан өту.

**Оқыту формасы:** күндізгі

**Оқыту мерзімі:** 4 - 7 жыл.

**Оқыту тілі:** қазақ, орыс, ағылшын (50%-дан артық)

### **Minor (degree) қосымша дәрежесін алу политикасы**

Бағдарлама бойынша келесідей міндетті 18 кредиттан кем емес пәндерді:

M1 – Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау (PET101);

M2 – Тау жыныстарының қасиеттері (PET176);

Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	12-бет (116)
--	--	-------------------------	--------------

М3 – Қабат флюидтарының қасиеттері (PET129);

М4 – Мұнай мен газ кенорныдарын игеру I: Бастапқы өндіру (PET124);

М5 – Мұнай өндіру технология мен техникасы (PET134);

М6 – Мұнайгаз қондырғыларын жобалау және пайдалану (PET169);

Игеру барысында бекітілген үлгідегі дипломға қосымша ретінде Minor қосымша дәрежесі беріледі.

### **ECTS стандарты бойынша дипломға қосымша**

Еуропалық диплом қосымшасы (ары қарай Еуропалық қосымша) немесе Diploma Supplement,

ECTS (Кредиттерді қайта есепке алудың Еуропалық жүйесі) бірге білім алушылар мен түлектердің Еуропалық Жоғарғы Білім аймағында академиялық және кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады.

Қосымшаның мақсаты - халықаралық «ашықтық» және біліктілікті орынды академиялық және кәсіби мойындауды (дипломдар, дипломдар, сертификаттар және т.б.) қамтамасыз ету үшін жан-жақты тәуелсіз деректерді ұсыну.

Талаптар:

1. Еуропалық дипломға қосымша Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің тарапынан аккредиттелген білім беру бағдарламаларының түлектері үшін Еуропалық Комиссия, Еуропа Кеңесі мен ЮНЕСКО өкілдерінің бірлескен жұмыс тобы әзірлеген үлгіге сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады.

2. Дипломның еуропалық қосымшасы қандай да бір бағалау, немесе басқа да оқу бағдарламаларымен салыстыруды және аталған дипломды немесе біліктілікті мойындауды ұсыну мақсатын көздемейді

3. Еуропалық диплом қосымшасы сегіз секциядан тұрады және барлық секциялар туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Диплом бойынша еуропалық қосымшаның кез-келген бөлімінде ақпарат болмаған жағдайда міндетті ақпарат беруден бас тарту себептерін көрсету қажет.

4. Еуропалық Диплом қосымшасы әрдайым түпнұсқалық білім туралы куәлікпен қоса жүруі тиіс, себебі оның ешқандай заңды күші жоқ. Еуропалық дипломдық қосымшаның болуы оқу орнының мәртебесін, оның біліктілігіне, сондай-ақ оқу орнының ұлттық жоғары білім жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде танылуына кепілдік бермейді.

5. Әрбір еуропалық диплом қосымшасы келесідей кіріспеден басталуы керек:

«Бұл диплом қосымшасы Еуропалық Комиссия, Еуропа Кеңесі және ЮНЕСКО / CEPES әзірлеген модельге сәйкес келеді. Қосымшаның мақсаты - халықаралық «ашықтық» және біліктілікті (дипломдарды, дәрежелерді, сертификаттарды және т.б.) объективті академиялық және кәсіби тануды қамтамасыз ету үшін жан-жақты тәуелсіз деректерді ұсыну болып табылады.

Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	13-бет (116)
--	--	-------------------------	--------------

Қосымша түпнұсқалық біліктілік құжатында көрсетілген тұлға жасаған және табысты аяқталған оқытудың сипатын, деңгейін және мәртебесін сипаттайды. Қосымшада шешім шығаруға, эквиваленттілік туралы мәлімдеме немесе тану туралы ұсыныстар жасауға жол бермейді. Деректер аталған сегіз секция бойынша толық ұсынылуы керек. Мұндай деректер болмаған жағдайда, оны себебін көрсету керек».

6. Еуропалық диплом қосымшасында әрқашан біліктілік атауы және дәрежесі; сондай-ақ біліктілікті тағайындайтын/жетекшілік ететін оқу орнының атауы мен мәртебесі көрсетілуі тиіс. Барлық деректер мемлекеттік және ағылшын тілдерінде ұсынылуы тиіс, өйткені дұрыс емес аударма біліктілік туралы шешім қабылдайындардың жаңылуына әкелуі мүмкін. Латын тілінен басқа әліпби қолданылған жағдайда транслитерацияға жол беріледі. Сегізінші секцияда жоғары білім жүйесінің сипаттамасын дәрежелер мен біліктіліктер атауымен байланыстыруға болады.

7. Оқу орындары дипломға еуропалық қосымшаның алаяқтық және бұрмалану мүмкіндігін барынша азайту үшін тиісті шаралар қабылдауы керек.

8. Аударма мен терминологияға ерекше назар аудару керек. Осы саладағы туындайтын проблемаларды шешу үшін түпнұсқа тілдің құжатта көрсетілгендей етіп қолданылуы маңызды.

Еуропалық Диплом қосымшасында басқа елдерде алынған біліктілікті бағалауда нақты эквиваленттілікті емес, бірақ «әділ тануды» ескере отырып, алынған білімдерге, дағдыларға және қабілеттерге назар аудару қажет.

Өтініш 8 міндетті пунктіден тұрады және ағылшын, қазақ / орыс тілдерінде беріледі.

1. Біліктілік иесінің жеке басы туралы мәліметтер
2. Біліктілік туралы мәліметтер
3. Біліктілік деңгейі туралы ақпарат
4. Білім мазмұны және алынған нәтижелер туралы ақпарат
5. Біліктілік функциялары туралы ақпарат
6. Қосымша ақпарат
7. Қосымшаны куәландырушы мәліметтер
8. Ұлттық жоғары білім беру жүйесі

## «PETROLEUM ENGINEERING» ББ АҒЫМДАҒЫ ОҚУ ЖОСПАРЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ



**2020-2021 оқу жылы МАМАНДЫҚТЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫ**  
Petroleum Engineering (68072 Өндіру және өңдеу салалары оқу бағыты бойынша)

Оқу түрі: күндізгі Оқу мерзімі: 4 жыл Академиялық дәреже: техника және технологиялар бакалавры

Оқу жылы	Код	Пән атауы	Цикл	Кредит	Әлеуметтік/ғылым/техника	Прогноз	Код	Пән атауы	Цикл	Кредит	Әлеуметтік/ғылым/техника	Прогноз	
<b>1 семестр (қаңтар 2020)</b>							<b>2 семестр (сәуір 2021)</b>						
1	LNG 1051	Beginner (A1)	Ж	6	0/0/3/3	Диагност. Тест	LNG 1052	Elementary English (A1)	Ж	6	0/0/3/3	Диагност. Тест	
	LNG 1052	Elementary English (A1)					LNG 1053	General English 1 (A2)					
	LNG 1053	General English 1 (A2)					LNG 1054	General English 2 (A2)					
	LNG 1054	General English 2 (A2)					LNG 1055	Academic English (B1)					
	LNG 1055	Academic English (B1)					LNG 1056	Business English (B2)					
	LNG 1056	Business English (B2)					LNG 1057	Professional English (B2+)					
	LNG1012	Қазақ (орыс) тілі (A2)	Ж	4	0/0/2/2	Диагност. Тест	LNG102.1	Академиялық қазақ (орыс) тілі (B1)	Ж	6	0/0/3/3	Диагност. Тест	
	LNG1012.1	Академиялық қазақ (орыс) тілі (B1)					LNG102.2	Іскерлік қазақ (орыс) тілі (B2)					
	LNG1012.2	Іскерлік қазақ (орыс) тілі (B2)											
	RHY110	Физикаға кіріспе	Б	6	1/1/1/3	Диагност. Тест	RHY111	Физика I	Б	6	1/1/1/3	Диагност. Тест	
RHY111	Физика I					RHY112	Физика II						
MAT00110	Алгебра және мат. анализге кіріспе	Б	6	1/0/2/3	Диагност. Тест	MAT101	Математика I	Б	6	1/0/2/3	Диагност. Тест		
MAT101	Математика I					MAT102	Математика II						
HUM113	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Ж	6	1/0/2/3	жоқ	CHE192	Жалпы химия	Б	6	2/1/0/3	жоқ		
PET103	Мамандыққа кіріспе	П	6	1/1/1/3	жоқ	GEN128	Теориялық механика	Б	6	2/0/1/3	жоқ		
KFK101	Дене шынықтыру I	Ж	4	0/0/2/2	жоқ	KFK102	Дене шынықтыру II	Ж	4	0/0/2/2	жоқ		
Барлығы:							Барлығы:						
38							40						
<b>3 семестр (маусым 2021)</b>							<b>4 семестр (сәуір 2022)</b>						
2	LNG 1053	General English 1 (A2)	Ж	6	0/0/3/3	Диагност. Тест	LNG 1054	General English 2 (A2)	Ж	6	0/0/3/3	Диагност. Тест	
	LNG 1054	General English 2 (A2)					LNG 1055	Academic English (B1)					
	LNG 1055	Academic English (B1)					LNG 1056	Business English (B2)					
	LNG 1056	Business English (B2)					LNG 1057	Professional English (B2+)					
	LNG 1057	Professional English (B2+)											
	HUM124	Философия	Ж	6	2/0/1/3	жоқ	CSE174	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Ж	6	2/1/0/3	жоқ	
	GEN104	Материалдар кедергісі	Б	6	2/1/0/3	RHY112	Физика II	Б	6	1/0/2/3	Диагност. Тест		
	MAT102	Математика II				MAT101	Математика I						
	MAT103	Математика III	Б	6	1/0/2/3	Mat 102	Математика II	Б	6	1/0/2/3	Диагност. Тест		
CHE539	Мұнай және газ химиясы	Б	6	2/1/0/3	CHE192	Жалпы химия	Б	6	2/1/0/3	жоқ			
PET176	Тау жыныстарының қасиеттері	Б	6	2/1/0/3	жоқ	HUM126	Әлеуметтік - сапалық білім	Ж	8	4/0/0/4	жоқ		
Барлығы:							Барлығы:						
36							44						
<b>5 семестр (маусым 2022)</b>							<b>6 семестр (сәуір 2023)</b>						
3		ЭЛЕКТИВ	П	6				ЭЛЕКТИВ	П	6			
	GEO134	Мұнай және газ геологиясы	П	6	2/1/0/3	GEO116	Жалпы және қарқынды геология	Б	6	2/0/1/3	RHY111	Физика I	
	PET101	Мұнай және газ мұнайларын бұрғылау	Б	6	2/1/0/3	жоқ	PET120	Уңғыларды аяқтау	П	6	2/0/1/3	PET101	
	PET129	Қабат флюидтарының қасиеттері	Б	6	2/1/0/3	PET133	Мұнай өндіру технология мен техникасы	П	6	1/1/1/3	PET103		
	PET124	Мұнай мен газ кенорындарын игеру II: Бастапқы өндіру	Б	6	1/0/2/3	жоқ	PET125	Мұнай мен газ кенорындарын игеру II: Екінші және үшінші өндіру	Б	6	1/0/2/3	PET124	
	PET130	Мұнай - газ инженеринг семинары	Б	6	2/1/0/3	жоқ	PET106	Қабат қасиеттерін геофизикалық зерттеу	Б	6	2/1/0/3	PET176	
	Барлығы:							Барлығы:					
36							36						
<b>7 триместр (маусым 2023)</b>							<b>8 триместр (сәуір 2024)</b>						
4		ЭЛЕКТИВ	П	6		жоқ		ЭЛЕКТИВ	П	6		жоқ	
		ЭЛЕКТИВ	П	6		жоқ		ЭЛЕКТИВ	П	6		жоқ	
		ЭЛЕКТИВ	П	6		жоқ	PET113	Қарсақалы мұнайгаз жобасы	П	6	2/1/0/3	жоқ	
	ECA401	Мемлекеттік емтиханға дайындық	ҚА	4			ECA401	Мемлекеттік емтиханға дайындық	ҚА	4			
	ECA402	Дипломдық жұмысты жазу					ECA402	Дипломдық жұмысты жазу					
	PET179	Мұнайгаз жобаларын экономикалық бағалау	Ж	6	1/0/2/3	жоқ	ECA403	Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан	ҚА	6		PET113	
	PET169	Мұнайгаз қордырыларын жобалау және пайдалану	П	6	1/0/2/3	PET134	Мұнай өндіру технология мен техникасы	П	6	1/1/1/3	PET103		
Барлығы:							Барлығы:						
34							28						



Оқу жылы	Код	Атауы	Кредит саны	Семестр
2	AAP122, 132	Дене шынықтыру III, IV	0	3-4
1	AAP101	Оқу практикасы	2	1-2
2	AAP124	Оқу геологиялық практикасы	2	4
3	AAP125	Өндірістік практика	4	6
2-3		Әскери іс	0	3-6

Пән циклдәрі	Кредит аны		
	шіңдет	тақу	Барлығы
Жалпы білім беретін пәндер циклі (Ж)	74	0	74
Базалық пәндер циклі (Б)	132	0	132
Профилдік пәндер циклі (П)	30	42	72
Теориялық оқыту бойынша барлығы:	236	42	278
Қосымша оқу	8	0	8
Қортынды аттестация (ҚА)	14	0	14
<b>Барлығы:</b>	<b>258</b>	<b>42</b>	<b>300</b>

Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі. "15" 09 2020ж. № 3 Хаттама.

Сәтбаев университеті оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі. "12" 01 2020ж. № 4 Хаттама.

Қ. Тұрысов атындағы Геология, Мұнай және Тау-Кен ісі Институты Ғылыми Кеңесінің шешімі. "15" 12 2020ж. № 4 Хаттама.

Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор		<b>Р.М. Исқаков</b>
Академиялық жоспарлау комитетінің төрайымы		<b>К.Б. Тулегенова</b>
Геология, Мұнай және Тау-Кен ісі институты директоры		<b>Қ.Б. Рыбеков</b>
"Мұнай инженериясы" кафедрасы меңгерушісі		<b>М.Қ. Сыздықов</b>
Мамандық кеңесінің өкілі		<b>Н.А. Нысанғалиев</b>

**«PETROLEUM ENGINEERING» ББ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕРІ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТИ



2020 -2021 оқу жылында қабылданғандар үшін МАМАНДЫҚТЫҢ ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕРІ  
Petroleum Engineering (6B072 Өндіру және өңдеу салалары оқу бағыты бойынша)

Оқу түрі: күндізгі Оқу мерзімі: 4 жыл Академиялық дәрежесі: техника және технологиялар бакалавры

Оқу жылы	Электив коды	Пәннің коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит	лек/лаб/пр	Пререквизит		
2	2106	LNG109	IELTS Preparation	3 семестр	Ж	3	0/0/3	LNG 1056	
		LNG110	Intercultural Communication						
		LNG117	Technical Writing						
		LNG118	Public speaking						
		LNG119	Productivity skills						
		LNG120	GRE preparation						
		LNG121	Academic Writing						
	Барлығы:				3				
	2108	LNG109	IELTS Preparation	4 семестр	Ж	3	0/0/3	LNG 1056	
		LNG110	Intercultural Communication						
		LNG117	Technical Writing						
		LNG118	Public speaking						
		LNG119	Productivity skills						
		LNG120	GRE preparation						
LNG121		Academic Writing							
Барлығы:				3					
3	3302	PET117	Жер қойнауын пайдаланудағы құрықтық мәселелер	5 семестр	П	3	2/0/1	жоқ	
		PET102	Бұрғылау ерітінділері және тампонаж қоспалары				2/0/2	PET112	
		PET159	Мұнайгаз қондырғыларын коррозиядан қорғау				2/0/2	жоқ	
		PET123	Газ және газкөндесатты кен орындарды игеру				2/0/2	PET133	
		PET170	Мұнай және газ құбырларын жобалау және пайдалану				1/0/2	жоқ	
		PET178	Мұнай инженериясы үшін есептеу гидродинамикасы				1/1/1	жоқ	
		Барлығы:					3		
	3305	PET104	Қабат геомеханикасы	6 семестр	П	3	2/0/1	PET101	
		PET105	Геостатистика				2/0/1	жоқ	
		PET172	Соралты және компрессорлы станцияларды жобалау және пайдалану				1/0/2	жоқ	
	Барлығы:				3				
	4	4311	PET212	Үңғына ағынды қарқынды тасілерді	7 семестр	П	3	2/0/1	PET124
			PET173	Мұнай мен газгазының қамтамасыз ету				1/0/2	PET124
			PET126	Мұнай мен газ кенорындарын игеру III: Резерварды модельдеу				2/0/1	PET125
PET114			Бағыттап бұрғылау	2/0/1				PET101	
4312		PET174	Мұнай және газ қоймаларын жобалау және пайдалану	П	3	3	1/0/2	PET172	
		PET132	Мұнай өндірудің механикалық әдісі				1/1/1	PET125	
		PET107	Үңғыларды гидродинамикалық зерттеу				2/1/0	PET133	
4313		PET118	Шельфті кенорындарды меңгеру	П	3	3	1/0/2	PET133	
		PET109	Үңғыларды күрделі ішудеу				2/0/1	PET101	
		PET131	Автоматты жобалау жүйелері				2/0/1	AUT109	
Барлығы:				9					

Оқудың бүкіл кезеңіндегі элективті пәндер бойынша кредиттер саны	
Пәннің циклы	Кредиттер саны
Жалпы білім беретін пәндер циклі (Ж)	6
Негізгі пәндер циклі (Н)	0
Профильдік пәндер циклі (П)	18
<b>Барлығы:</b>	<b>24</b>

Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі. "15" 09 2020 ж. № 3 Хаттама.

Сәтбаев университеті оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі. "14" 01 2020 ж. № 4 Хаттама.

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты Ғылыми кеңесінің шешімі. "15" 12 2020 ж. № 4 Хаттама.

Геология және мұнайгаз ісі институтының директоры

К.Б. Рысбеков

"Мұнай инженериясы"  
кафедрасының меңгерушісі

М.К. Сыздықов


Мамандық кеңесінің өкілі

Н.А. Нысанғалиев



**КеАҚ «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ-Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті»  
 2019-2023 жылдарға ағымдағы «Мұнай инженерия» оқу бағдарламасының блок-схемасы**


Егер осы блок-схема және қабылданған АОБ сәйкес келмесе, АОҚ соңғы шешім болады



2 – сурет: Ағымдағы оқу жоспарының блок-схемасы

**КеАҚ «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті**  
**2019-2023 жылдарына «Мұнай Инженерия» бағдарламасы бойынша профильді элективті пәндер.**

Элективті пәндер тізімі	
Күз	Көктем
<b>3-курс*</b> Жер қойнауын пайдаланудағы құқықтық мәселелер (Барлық бағыттар) Бұрғылау сұйықтары және тампондау сұйықтары (Бұрғылау) Мұнайгаз қондырғыларын коррозиядан қорғау (Өндіру, Мидстрим) Газ және газконденсатты кен орындарын игеру (Игеру, Өндіру) Мұнай және газ құбырларын жобалау және пайдалану (Мидстрим)	Қабат геомеханикасы (Бұрғылау, Өндіру) Геостатистика (Игеру) Мұнайкәсіпшілігінің жабдықтары (Өндіру, Мидстрим) Көпфазалы ағындар жүйесі (Өндіру, Мидстрим) Сорапты және компрессорлы станцияларды жобалай және пайдалану (Мидстрим)
<b>4-курс**</b> Ұңғымаға ағынды қарқындету тәсілдері (Бұрғылау, Игеру, Өндіру) Мұнай өндірудің механикалық әдісі (Өндіру) Мұнай және газ ағынын қамтамасыз ету (Өндіру, Мидстрим) Мұнай мен газ кенорындарын игеру III: Резерварды модельдеу (Игеру) Бағыттап бұрғылау (Бұрғылау) Шельфті кен орындарын меңгеру (Игеру, Өндіру, Мидстрим) Ұңғымаларды гидродинамикалық зерттеу (Игеру, Өндіру) Мұнай және газ қоймаларын жобалау және пайдалану (Мидстрим) Ұңғыманы күрделі жөндеу (Бұрғылау, Өндіру) Автоматты жобалау жүйелері (Өндіру, Мидстрим)	



**Ескерту:**  
 \* - Егер, **негізгі шарт, топта кем дегенде 10 студент жиналған жағдайда**, 3-ші оқу жылының дисциплиналарын күзгі және көктемгі семестрлерде, сонымен қатар 4-ші курста таңдауға болады.  
 \*\* - 4-ші курстың элективті дисциплиналарын таңдаудың негізгі шарты – 3-ші курстың міндетті дисциплиналарын меңгеру (**топта кем дегенде 10 студент болу керек**).

3 – сурет: «Petroleum Engineering» оқу бағдарламасының профильді элективті пәндері

## PETROLEUM ENGINEERING БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

1. Біздің түлектер математика, ғылым және техника туралы білімдерін қолдана алады, сондай-ақ мұнай-газ саласының технологиялық үдерістерін жетілдіру үшін инженерлік мәселелерді анықтап, тұжырымдап, шеше алады.
2. Біздің түлектер ақпаратты және ойларын басқа адамдарға тиімді түрде жеткізе алатын болады.
3. Біздің түлектер өз салаларында және өмірлерінде этикалық, әлеуметтік және экологиялық стандарттарға сәйкес жауапты түрде өздерін ұстайтын болады.
4. Біздің түлектер техникалық қағидалар мен тәжірибеде құзыреттіліктің жоғары деңгейін көрсететін болады.
5. Біздің түлектер түрлі салалық және көп мәдениетті топтарда жұмыс істей алатын болады.
6. Біздің түлектер қоғамдастыққа, мұнайгаз саласына, мемлекетке кәсіби қауымдастықтар мен қоғамдық ұйымдарға қатысу арқылы қызмет ететін болады.
7. Біздің түлектер өз артынан команданы, ұйымды, Қазақстан Республикасын және әлемдік қауымдастықты жаңа жетістіктерге жетелейтін сәтті мамандар болады.

3 – кесте: Студент нәтижелері (Student Outcomes) мен Оқу Бағдарламасының Мақсаттары (Program Educational Objectives) арасындағы қатынас матрицасы

<b>Студент Нәтижелері (Білім, дағды, және құзыреттілік дескрипторы)</b>	ОБМ 1. Математика, ғылым және техника туралы білімдерін қолдана алады, сондай-ақ мұнай-газ саласының технологиялық үдерістерін жетілдіру үшін инженерлік мәселелерді анықтап,	ОБМ 2. Ақпаратты және ойларын басқа адамдарға тиімді түрде жеткізе алатын болады.	ОБМ 3. Өз салаларында және өмірлерінде этикалық, әлеуметтік және экологиялық стандарттарға сәйкес жауапты түрде өздерін ұстайтын болады.	ОБМ 4. Техникалық қағидалар мен тәжірибеде құзыреттіліктің жоғары деңгейін көрсететін болады.	ОБМ 5. Түрлі салалық және көп мәдениетті топтарда жұмыс істей алатын болады.	ОБМ 6. Қоғамдастыққа, мұнайгаз саласына, мемлекетке кәсіби қауымдастықтар мен қоғамдық ұйымдарға қатысу арқылы қызмет ететін болады.	ОБМ 7. Өз артынан команданы, ұйымды, Қазақстан Республикасын және әлемдік қауымдастықты жаңа жетістіктерге жетелейтін сәтті мамандар болады.
---	--	--	---	--	---	---	---

Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	19-бет (116)
--	--	-------------------------	--------------

		тұжырым дап, шеше алады..						
(a)	математика, ғылым және техника бойынша алған білімдерін қолдана білу	✓			✓			✓
(b)	эксперименттерді жобалау және жүргізу, сондай-ақ деректерді талдау және интерпретациялау	✓			✓			
(c)	экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, саяси, этикалық, денсаулық және қауіпсіздік, өндіру және тұрақтылық секілді нақты шектеулерде қалаулы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жүйені, компонентті немесе процесті жобалау қабілеттілігі	✓		✓	✓			
(d)	Пәнаралық топтарда жұмыс істеу қабілеті		✓			✓	✓	
(e)	техникалық мәселелерді анықтау, тұжырымдау және шешу қабілеті	✓		✓				
(f)	кәсіби және этикалық жауапкершілікті түсіну			✓	✓		✓	✓
(g)	тиімді қатынасу қабілеті		✓		✓	✓	✓	✓
(h)	техникалық шешімдердің жаһандық, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік контексттегі әсерін түсіну үшін қажетті жан-жақты білім			✓			✓	✓
(i)	өмір бойы білім алу қажеттілігін мойындау және өз бетінше білім алу қабілеті				✓			
(j)	өзекті мәселелер туралы хабардар болу			✓	✓		✓	
(k)	Инженерлік практикаға қажетті әдістерді, дағдыларды және заманауи инженерлік құралдарды пайдалану қабілеті.	✓			✓			

3-кестеде студент нәтижелері мен оқу бағдарламасының мақсаттары арасындағы қатынас матрицасы көрсетілген. Осы кестені түсіндірудің ұсынылған тәсілі ОБМ алдындағы бағанада «Мұнай-газ инженерия бағдарламасының түлектері үшін ...» деген сөзді, одан кейін ОБМ–ның пайымдауы, одан әрі «...

студенттер қабілетті болуы керек», кейін көрсетілген нәтижелерді әрқайсына қосу. Мысалы, ОБМ 4 жағдайында:

Мұнай-газ инженерия бағдарламасының түлектеріне **инженерлік қағидалар мен практиканың құзыреттілігін жоғары деңгейде көрсету үшін**, студенттер қабілетті болу керек: *математика, ғылым және техника бойынша алған білімдерін қолдана білу, эксперименттерді жобалау және жүргізу, сондай-ақ деректерді талдау және интерпретациялау, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, саяси, этикалық, денсаулық және қауіпсіздік, өндіру және тұрақтылық секілді нақты шектеулерде қалаулы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жүйені, компонентті немесе процесті жобалау қабілеттілігі, кәсіби және этикалық жауапкершілікті түсіну, тиімді қатынасу қабілеті, өмір бойы білім алу қажеттілігін мойындау және өз бетінше білім алу қабілеті, өзекті мәселелер туралы хабардар болу, Инженерлік практикаға қажетті әдістерді, дағдыларды және заманауи инженерлік құралдарды пайдалану қабілеті.*

Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	21-бет (116)
---	--	-------------------------	--------------

## **БІЛІМ, БІЛІКТІЛІК, ДАҒДЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ ДЕҢГЕЙ ЖӘНЕ КӨЛЕМ ДЕСКРИПТОРЛАР**

Дублин келісімінде қабылданған және жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттарында пайдаланылатын Дублиндік дескрипторлар Вашингтон келісімінің (1989) білім беру бағдарламасымен салыстыруға келеді, бірақ талаптар, рәсімдер мен нәтижелері бойынша ұқсас болып келеді. Бұл келісімдер аккредитация жүйелерінің елеулі эквивалентті екенін мойындай отырып, келісімшартқа қол қойған тараптар аккредитацияланған білім беру бағдарламаларының елеулі эквивалентті екенін мойындайды.

Осылайша, Вашингтон Келісімі инженерлердің кәсіби құзіреттілігіне қойылатын талаптарды әзірлеп, түлектердің атрибуттары деп келесі пункттер аталды: «Түлектердің атрибуттары студенттің кәсіби деңгейін тиісті деңгейде орындау үшін қажетті құзыреттіліктерді меңгеру қабілетін көрсететін жеке бағаланған оқу нәтижелерінің жиынтығын құрайды. Түлектердің атрибуттары аккредитацияланған бағдарламаның түлегіне сай келетін талаптардың мысалы ретінде қызмет етеді. Атрибуттар күткен қабілеттердің нақты мәлімдемелерімен сипатталады және қажет болған жағдайда, бағдарламаның түріне байланысты нәтижеге қол жеткізудің қажетті деңгейін көрсететін ауқымдар беріледі.

Жоғарыда айтылғандай, қысқа мерзімді болшақта Мұнай Инженерия кафедрасы АВЕТ (Техника және технологияларды аккредиттеу жөніндегі кеңес) аккредитациясын алуға ұмтылады, оған сәйкес талап етілетін ең төменгі деңгей - студенттердің нәтижелері (a) - (k). 4-кестеде Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Petroleum Engineering» мамандығы бойынша студенттерге арналған студенттердің нәтижелерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы келтірілген.

Кестенің төменгі жағында сонымен қатар салалық біліктілік шеңберіне сәйкес білім, дағдылар, жеке және кәсіби құзыреттілік сипаттамалары бар және АВЕТ құзыреттілігіне қойылатын талаптармен салыстырылды. Біліктілік пен құзыреттермен салыстырғанда білім ең төменгі деңгейді білдіретіндіктен, олар ақ түсте белгіленген.

Осындай жіктеу білім алушылардың нәтижелерін 1-Суретте көрсетілгендей болашақта нақты нақтылау және курс нәтижесімен салыстыру үшін қажет.

Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГжМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында	Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК	22-бет (116)
--	--	-------------------------	--------------

4 – кесте: АВЕТ-тегі құзыреттілік атауы (3 Критерий. Студент нәтижелері), осы құзыреттіліктердің Petroleum Engineering ОБ-да қысқаша сипаттамасы, және олардың салалық біліктілік шеңберімен өзара байланысы

<b>АВЕТ-тегі құзыреттілік атауы (3 Критерий. Студент нәтижелері)</b>										
(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
математика, ғылым және техника бойынша алған білімдерін қолдана білу	экспериментте рді жобалау және жүргізу, сондай-ақ деректерді талдау және интерпретация лау	экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, саяси, этикалық, денсаулық және қауіпсіздік, өндіру және тұрақтылық секілді нақты шектеулерде қалаулы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жүйені, компонентті немесе процесті жобалау қабілеттілігі	Пәнаралық топтарда жұмыс істеу қабілеті	техникалық мәселелерді анықтау, тұжырымдау және шешу қабілеті	кәсіби және этикалық жауапкершілік ті түсіну	тиімді қатынасу қабілеті	техникалық шешімдердің жаһандық, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік контексттегі әсерін түсіну үшін қажетті жан-жақты білім	өмір бойы білім алу қажеттілігін мойындау және өз бетінше білім алу қабілеті	өзекті мәселелер туралы хабардар болу	Инженерлік практикаға қажетті әдістерді, дағдыларды және заманауи инженерлік құралдарды пайдалану қабілеті.

**Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ- де Petroleum Engineering ОБ құзыреттілік туралы қысқаша ақпарат**

Өртүрлі элементтерді, жүйелерді, бұрғылау үрдістерін, өндіруді, тасымалдауды талдау және бағалау үшін инженерлік ғылымның	Алынған ақпараттың мағынасын түсініп, интерпретация лап, түсініктеме беру. Көптеген ақпарат көздерінен түрлі	Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылаудың режимдерін және әдістерін, мұнай, газ және конденсат өндіру объектілерін пайдалану	Өз ұмтылыстарын басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың мүдделеріне байланыстыра білу; топта бірлесіп жұмыс істеу, ортақ мақсаттарды	Ғылыми зерттеулерді әдіснамалық тұрғыдан дәлелдей білу. Ғылыми зерттеулердің және мәселелерді талдаудың негізгі	Қоғамның дамуының бір немесе басқа аспектісіне сыни тұрғыдан қарау, еңбек және азаматтық қарым-қатынас этикасына ие болу; инженердің	Түлектің кәсіби (оқу-кәсіби) және ресми-іскерлік салаларында сөйлеу қатысымының барлық нормаларына сәйкес сөздік қатынасқа	Отандық және әлемдік экономиканың және мұнайгаз саласының нарықтық экономикадағы ағымдағы жағдайларын талдау, қабылданған	Өз оқу-танымдық іс-әрекетінің жоспарын, талдауын, рефлексиясын, өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру; менгеріп жатқан оқу	Қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық технологиялардың дағдыларын пайдалана отырып, Қазақстандағы және шетелдегі	Ұңғыма өнімдерін өндіру, жинау және дайындау бойынша есептеулерге арналған компьютерлік бағдарламалар пакетіне ие болып,
---	--	---	---	---	--	--	---	---	---	--

<p>әдістері мен қағидаларын қолданып, олардың жұмысына оңтайлы жағдайларды табу.</p>	<p>акпаратты жинау және жүйелеу. Жиналған акпарат негізінде тенденцияларды анықтап, себеп-салдар байланыстарын тауып, мақсаттарды анықтап, құралдарды таңдап, болжамдар мен идеяларды шығару. Бұрғылау жобалары, өндіру, ұнғы өнімін жинау және дайындауға арналған жобаларды дайындауға және оларды одан әрі теңіз үсті және құрлықта тасымалдау үшін қажетті өндірістік мәліметтерді жинау және қорытындылау</p>	<p>және қызмет көрсетуді модельдеу және есептеуді, мұнай және газ кен орындарын игеру жобаласын фундаменталды ғылымдардың өндірістік қызмет бөлімдерінде қолдану. Мұнай, газ және конденсат өндірісі объектілерін пайдалану және сол объектілерге техникалық қызмет көрсету кезінде қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдаланудың негізгі қағидаларын біліп, ұстану.</p>	<p>табу, ортақ іс-әрекетке үлес қосу дағдыларын игеру. Әр түрлі пікірлер, келіспеушіліктер мен қатығыстармен күресу, басқа адамдардың пікірлерін ескеру, келіссөздер жүргізу және ымыраға келе білу.</p>	<p>әдістерін пайдаланып, фактілерді болжалдардан, акпаратты пікірлерден ажырату, қазіргі жағдайды талдау негізінде балама шешімдерді ұсынып, жаңа идеяларға ашық болып, қолданбалы жазықтықтағы теориялық тұжырымдамаларды қолдану қабілетін көрсету.</p>	<p>кәсіби кодексіне құрметпен қарау, заң бұзушылықтарына төзбеушілік сезімін таныту. Фактілерді, оқиғаларды және әрекеттерді (соның ішінде өзіңіз жасаған) заңды және моральдық түрде бағалау. Денсаулыққа, тұтынуға және қоршаған ортаға қатысты әлеуметтік көзқарастарды бағалау.</p>	<p>түсу қабілеті және дайындығы: оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде мазмұндау; өзін, университетін, өңірін, елін өкілдік ету; Сауалнамаларды толтырып, мәлімдемелерді, түйіндемелерді, хаттарды және басқа ресми-іскерлік мәтіндерді жазу; жеке тұлғааралық және топтық қарым-қатынас дағдыларын меңгеріп, көпшілік алдында сөйлеу, сұрақ қою, диалогты дұрыс жүргізу, талқылау, дискуссияға</p>	<p>немесе қабылданып жатқан инженерлік шешімдерді және олардың қоғамдық пікірге әсерін бағалау қабілеті</p>	<p>пәндерінің және қызмет салаларының бағыттарына қатысты өзінің құндылық бағдарларын қалыптастыру. Жылдам өзгерістер жағдайында икемді болу. Үздіксіз білім алу арқылы жаңа кәсіби профильдерді игеру және кәсіби мүмкіндіктерді кеңейтуге ұмтылу. Еңбек нарығындағы жағдайды тиімді пайдалану, жеке және қоғам пайдасына қарай әрекет ету.</p>	<p>мұнайгаз ісі техникасы мен технологиясын (мұнай, газ және конденсат өндірісі объектілерін пайдалану және қызмет көрсету) өзекті мәселелерінің дамуы туралы хабардар болу.</p>	<p>басшылық тапсырмасымен әріптестер құрамында эксперименталды зерттеу жұмыстарына қатысу, деректері баламалы әдіспен алынған және нақты деректермен қамтылған арнайы бағдарламалық жасақтаманың нәтижелерін талдай білу, түсіндіре білу және салыстыра білу.</p>
--	--	--	--	---	---	--	---	--	--	---



							катысу қабілеттілікте ріне ие болуы керек.			
<b>Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салалары үшін салалық біліктілік шеңбері 6-Денгей (Бакалавриат)</b>										
<b>Пән нәтижелері</b>	<b>3-критерийі: Студент нәтижелері</b>										
	<b>(a)</b>	<b>(b)</b>	<b>(c)</b>	<b>(d)</b>	<b>(e)</b>	<b>(f)</b>	<b>(g)</b>	<b>(h)</b>	<b>(i)</b>	<b>(j)</b>	<b>(k)</b>
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Өткізгіштікті анықтау, оған қандай факторлар әсер етеді және өткізгіштікті өлшеу әдістерін сипаттау	✓				✓						
Жыныстардың эластикалық және акустикалық қасиеттерін, жыныстардың беріктігін және оларға әсер ететін факторларды анықтау	✓				✓						
Жыныстардың қысылуын (сығымдалуын) анықтау және жыныстардың қысылу мәнін бағалау әдістерін сипаттау	✓	✓									
Өткізгіштікті және оған әсер ететін факторларды анықтау және өткізгіштік қалай өлшенеді	✓	✓			✓						
Дарси теңдеуін дифференциалдық теңдеу түріне түрлендіру, мағынасын түсіндіру, ұқсас қабат жүйесі үшін теңдеуді интегралдау және сынулар (бұзылулар) мен арналардың әсерін есептеу	✓	✓			✓						
Шектік керілу мен суланушылықты (жұққыштықты) және олардың капиллярлы қысымға әсерін түсіндіру, капиллярлы қысымды зертханалық жағдайдан қабаттық жағдайларға түрлендіру	✓	✓			✓						
Қабаттық жыныстардағы қанығушылықты анықтау үшін қолданылатын әдістерді	✓	✓			✓						

сипаттау және қанығушылық пен капиллярлы қысым арасындағы тәуелділікті көрсете білу											
Жыныстардың электрлік қасиеттерін, меншікті кедергінің көрсеткіштерін, қанығушылық дәрежесін және цементтелу факторын анықтау. Олардың өзара байланысын және қалай пайдаланылатынын көрсету. Жыныстардың электрлік қасиеттерін анықтау үшін эксперимент жүргізу, зертханалық жұмыстарды талдау үшін қажетті есептерді жүргізе білу	✓	✓			✓						
Тиімді және салыстырмалы өткізгіштікті анықтау, салыстырмалы өткізгіштіктің қисықтарын тұрғызу және салыстырмалы өткізгіштіктің қисықтарына қанығушылықтың өзгеру тарихының әсерін көрсету. Салыстырмалы өткізгіштіктің деректері қалай және қайда қолданылатынын көрсету.	✓	✓			✓						
Адсорбция мен абсорбцияны анықтау. Сланецтегі газдың максималды сорбциясын өлшеу үшін эксперимент жүргізу	✓	✓			✓						
Деректерді талдау дағдыларын дамыту және атқарылған жұмыс бойынша есеп беруді үйрену (білу).		✓					✓				

**РЕТ101 - Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау**  
**КРЕДИТ – 3 (2/1/0)**  
**ПРЕРЕКВИЗИТ – GEN104 Материалдар кедергісі**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Студенттерді ұңғыманың құрылыс технологиясының негіздері, ұңғыма құрылысын жобалау, негізгі технологиялық үдерістерді ғылыми түсіну және мұнай өндіруде жұмыс істеу. Алынған білім мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылауда арнайы дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Пән мұнай және газ ұңғыларын бұрғылаудың заманауи әдістерін, бұрғылау тәсілдерін, ұңғы дизайнын, бұрғылау сызбасын (схемасын) таңдауды және бұрғылау тәсіліне параметрлердің әсерін есептеуді және бұрғылау сұйықтығының қашаудың жұмысына әсерін, сонымен қатар олардың 1 метр бұрғылаудың операциялық шығындарына әсерін сипаттайды. Студенттер сондай-ақ бұрғылаудағы қиындықтар мен проблемалар және оларды жою әдістері туралы, көлбеу бұрғылау туралы, Теңізде бұрғылау және платформа құрылымы туралы, бұрғылау кезіндегі техникалық-экономикалық көрсеткіштер, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған орта әдістері туралы біледі.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Жобалар жасау және бұрғылау жүйесін бағалау, мәселелерді анықтау және көлбеу бағытталған және көлденең ұңғылардың геометриясы бойынша шешімдер ұсыну	✓	✓	✓		✓						
API стандарттарына сәйкес бұрғылаудың гидравликалық және реологиялық үлгілерге негізделе отырып, бұрғылау жұмыстарының әр сатысында сораптан бастап қашауға дейінгі қысымды есептеу.	✓	✓			✓						
Кеуектілік қысымын және жыныстарды бұзу градиентін ескере отырып, шегендеу тізбегінің дизайнын жасау	✓	✓	✓								
Қызметкерлердің қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін ұңғыларды бақылаудың тиісті шараларын жасау.	✓		✓		✓		✓				
Экологиялық және құқықтық мәселелерді ескере отырып, ұңғыны цементтеу жұмысының дизайнын жасау	✓		✓		✓	✓					

**РЕТ124 - Мұнай кен орнын игеру I: Бастапқы өндіру**

**КРЕДИТ – 3 (1/0/2)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – РЕТ133 Термодинамика және теплотехника**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Курстың мақсаты: мұнай кенорындарын игеру негізінде жатқан негізгі концепцияларды ашу; мұнай кенорындарын игеру кезінде материалдық баланс әдісін қолдануды көрсету; материалдық баланс теңдеуінде қолдану үшін кенорындарын игеру режимдері туралы білімді жинақтау; радиалды сүзудің негізгі дифференциалды теңдеуін, квази орнатылған және ұңғымаға орнатылған ағындардың теңдеуін көрсету; кенорындарына су ағынының тұжырымдамасын ашу; мұнай және газ кенорындарын өндіруді болжау үшін есептерді көрсету; ығыстырудың негіздерімен таныстыру, араласпайтын ығыстырудың ықтимал сценарийлерін салыстыру.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл курс табиғи газ, ретроградты конденсат, ұшпайтын (жоғалмайтын) (black oil - ауыр мұнай) және ұшып кететін (жоғалатын) (volatile oil- жеңіл мұнай) газ шапқасы бар немесе жоқ, су арынды режиміндегі мұнай жүйелері үшін материалдық баланстың есептеулерін қамтиды. Студенттер сондай-ақ материалдық балансты және өндіру қисығының құлдырауын талдауды пайдалана отырып, қабаттың өнімділігін болжаудың аналитикалық әдістеріне үйренеді.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Газ жүйелерінің материалдық баланс теңдеуін болжаммен бірге есептеп шығару және пайдалану		✓				✓					
Мұнай жүйелерінің материалдық баланс теңдеуін болжаммен бірге есептеп шығару және пайдалану		✓				✓					
Араласпайтын фронтальды ығыстыру теориясын қалыптастыру мен сипаттау және оны қолдану						✓					
Аудандап су айдаудың 5 -нүктелі жүйесін жобалау және өндіру мен айдау болжамын жасау			✓								
Мұнай бергіштікті арттырудың жалпы қосымша және үшінші әдістерін қолданудың механизмін және сәйкесті шарттарын және олардың орындылығын анықтау											✓
Дәстүрлі емес көмірсутекті кеніштердің өнімділігін талдауға кіріспе шолу жасау.						✓					

**РЕТ160 - Ұңғыны аяқтау**

**КРЕДИТ – 3 (2/0/1)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – РЕТ101 Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Бұл курстың мақсаты - ұңғымаларды бұрғылау және одан әрі пайдалану үрдісі арасындағы тиімді байланыстың болуын қалыптастыру.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Пән ұңғыларды бекіту және қабаттарды ажырату (бөлу) сияқты тақырыптардан тұрады: ұңғылардың құрылымын таңдау, шегендеу құбырлары, шегендеу тізбектерінің құрылымы және есебі, шегендеу тізбектерін цементтеу, цементтеуге арналған материалдар мен жабдықтар, ұңғыларды цементтеуді есептеу. Өнімді қабаттарды ашу және сынау. Ұңғыларды меңгеру, сынау және пайдалануға тапсыру. Теңізде ұңғыны салуға арналған техникалық жоба. Қайраңда (шельфте) ұңғыларды бұрғылау кезінде туындайтын қиындықтар мен апаттар.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Ұңғылардың құрылымын және оларды салудың әдістерін, техникасын және технологиясын түсіну.	✓										✓
Ұңғы құрылысының сандық және сапалық көрсеткіштерін есептеу.	✓				✓						✓
Ұңғыларды аяқтаудың негізгі мәселелерін және оларды шешу мүмкіндіктерін білу;	✓			✓	✓						✓
Ұңғыларды бұрғылау кезінде жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғаудың негізгі мәселелерін білу.	✓	✓			✓						✓
Анықтамалық әдебиетті қолдана отырып, ұңғыларды аяқтау жұмыс-тарына қатысты негізгі есептерді орындай білу.	✓			✓	✓						✓
Ұңғыларды аяқтаумен байланысты қолмен және компьютерлік есептеу-лердің негізгі әдістерін меңгеру.	✓		✓		✓					✓	✓
Ұңғылардың құрылыс сапасын арттыру бойынша бұрғылау кәсіп-орындарына қойылатын талаптарды қалыптастыра білу.											
Ұңғыдағы қалыптасқан жағдайды оның құрылымын, бұрғылау техноло-гиясын және пайдалану шарттарын ескере отырып талдау.	✓			✓	✓						✓

**РЕТ134 - Мұнай өндірудің технологиясы және техникасы**

**КРЕДИТ – 3 (1/1/1)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – РЕТ103 Мамандыққа кіріспе**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Студенттердің көмірсутекті өндіру әдістерін өз кәсіби қызметінде практикалық қолдану аспектісінде білуін қалыптастыру болып табылады.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл курс өндіру техникасы мен технологиясының іргелі принциптерін, өндірудің төмендеу (құлау) қисығын талдаудың эмпирикалық модельдерін және мұнай және газ ұңғыларының болашақ сипаттамаларын қамтиды. Кейбір тақырыптар ұңғыларды аяқтау, механикаландырылған өндіру әдістерін жобалау, штангалы сораптар, газлифт, бұрандалы сораптар, электрлі ортадан тепкіш батырылмалы сораптар, жүйелік талдауды қамтиды.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Мұнай, газ және екі фазалы кеніштерде қазылған тік және көлденең ұңғылардың өндірістік көрсеткіштерін қабаттағы ағым мен ұңғы бойындағы ағындарды ескере отырып бағалау.	✓		✓		✓						✓
Мұнай және газ ұңғыларын өндіру кезінде қабаттың кольматациясы және ұңғыны аяқтау кезінде туындайтын проблемаларды бағалау және оның өндіру процесіне әсерін бағалау.	✓		✓	✓	✓						✓
Ұңғыны аяқтау нұсқасын таңдауды негіздеу, (оның ішінде перфорацияны, сүзгіні, перфорацияланған құйрықшаны және қиыршық тас сүзгісін орнату жағдайын ескере отырып)			✓								
Өндіру кезіндегі проблемаларды диагностикалау, өндіру жүйесіндегі проблеманың негізгі көзін анықтау және мәселені шешу үшін өндіру процесінің қарқынын арттыру немесе механикаландырылған тәсілдің дұрыс әдісін таңдау			✓		✓						✓
Дәстүрлі және дәстүрлі емес кен орындарындағы тік және көлденең ұңғыларды гидравликалық жару процесін жобалау және оны оңтайландыру	✓		✓		✓						✓
Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГжМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында					Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК			62-бет (116)		

(жетілдіру)												
Дәстүрлі және дәстүрлі емес кен орындарында өндіру көрсеткіштерін жақсарту үшін өндіруді қарқындатудың дұрыс әдістерін таңдау (гидравликалық жару немесе қышқылмен өңдеу)	✓			✓	✓							✓
Өндіру технологиясындағы экологиялық мәселелерді танып білу						✓		✓		✓		✓

**РЕТ125 - Мұнай кен орнын игеру II: Екінші және Үшінші реттік өндіру**

**КРЕДИТ – 3 (1/0/2)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – РЕТ124 Мұнай кен орнын игеру I: Бастапқы өндіру**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Бұл пәннің мақсаты студенттердің қосымша мұнай өндіруді болжау үшін аналитикалық және сандық құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл пән қабатқа су айдау және газ шапкасына газ айдау арқылы қабат қысымын ұстап тұру әдістерін; өнімді қабаттың мұнай бергіштігін (МУН) арттырудың жылулық, газдық, химиялық және микробиологиялық сияқты әдістерін қамтиды. Сонымен қатар студенттер көмірсутегін өндіру әдістерін таңдаудағы қиындықтар мен проблемалар туралы біледі.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Кен орнының ауданы бойынша игеру жүйесін құрудың негізгі принциптерін анықтау;	✓										✓
Әртүрлі жағдайларда мұнай кен орнын игерудің технологиялық көрсеткіштерін есептеудің әдістемелік принциптерін білу	✓				✓						✓
Нақты кен орнының (көшіктің) жағдайы үшін қабаттық флюидтердің сүзілу (фльтрациялану) процесінің механизмін анықтай білу;	✓			✓	✓						✓
Игеру жүйесі элементтерінің тиімділігін бағалау, есептеудің инженерлік әдістерін практикада қолдану;	✓	✓			✓						✓
Мұнай өндірудің әртүрлі технологияларында қолданылатын химреагенттердің қасиеттері мен құрамын білу.	✓			✓	✓						✓
Кен орындарында жүзеге асырылатын геологиялық-технологиялық іс-шаралардың тиімділігіне бағалау жүргізу;	✓		✓		✓					✓	✓
Мұнай кен орындарын игерудің технологиялық көрсеткіштерін инженерлік есептеу әдістемесін меңгеру;	✓			✓	✓						✓



**РЕТ106 - Қабат параметрлерін геофизикалық зерттеу**

**КРЕДИТ – 3 (2/1/0)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – РЕТ176 Тау жыныстарының қасиеттері**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

ҰГЗ деректерін талдау және интерпретациялау бойынша тәжірибелік арнайы дағдылар.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл пән қабаттың маңызды қасиеттерін бағалау үшін ұңғыны каротаждаудың негізгі әдістерін қарастырады. Студент келесідей тақырыптарды оқып үйренеді: тау жыныстары физикасының іргелі принциптерін, каротаждық құрал-аспаптардың түрлерін, ашық оқпандарды талдау, өткізгіштігін анықтау, сазсыз және сазды-құмды формациялы қабаттарды бағалау, суға қанығушылықты анықтау, Арчи теңдеуі, қабаттың өнімді қалыңдығы, мұнай және газға қанығушылығы, алынатын қорлар, бұрғылау ерітіндісінің каротажының принциптері, акустикалық каротаж, нейтрондық каротаж, меншікті кедергі мен тығыздықтың каротажы, және литологиялық графиктер.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Қабаттың қасиеттерін бағалау үшін ұңғының ашық оқпанының каротажының негізгі физикалық принциптерін анықтау	✓										✓
Шектеулер мен белгісіздікті ескере отырып, литологияны, өткізгіштікті, суға қанығушылықты анықтау үшін ұңғының ашық оқпанының каротаж деректерін түсіндіру (интерпретациялау)	✓				✓						✓
Каротаждың базалық деректерін компьютерлік бағдарламалармен есептеу	✓			✓	✓						✓
Литологияны, өткізгіштікті, кеуектілікті және қанығушылықты анықтау үшін каротаж деректерін керн деректерімен салыстыра отырып талдау	✓	✓			✓						✓
Көлденең қима карталарын жасау үшін және резервуарлар мен ондағы көмірсутектер көлемін есептеу үшін каротаж деректерімен жұмыс істеу	✓			✓	✓						✓
Резервуарды интеграциялы бағалауда каротаж деректерін пайдаланудың мүмкіндігін анықтау.	✓		✓		✓					✓	✓
Органикалық заттарға бай аналық жыныстарды бағалау және каротаж	✓			✓	✓						✓

деректерінің көмегімен жалпы органикалық құрамын бағалау											

**MNG102 - Жобаны қаржылық талдау және бағалау**  
**КРЕДИТ – 3 (2/0/1)**  
**ПРЕРЕКВИЗИТ – жоқ**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Пәннің мақсаты мұнайгаз жобаларының экономикалық тиімділігін есептеу үшін студенттердің практикалық дағдыларын дамыту болып табылады.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Кәсіпорынды бизнес объектісі ретінде тану. Кәсіпорындардың нарықтық коммуникациясы. Кәсіпорынның экономикалық ресурстары және ресурстарды басқару. Өндірістік шығындар және өнімнің өзіндік құны. Кәсіпорынның қаржылық нәтижелері және операциялық тиімділігі. Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық саясаты. Өндірісті ұйымдастыру, өндірістік процестерді ұйымдастыру негіздері, нақтылы өндірісті ұйымдастыру. Кәсіпорынның еңбек ресурстарындағы кадрлық ресурстары және кадрлық саясаты. Еңбек сыйақысы. Өндірістік процестердің материалдық-техникалық (логистикалық) және аспаптық қызметтерін ұйымдастыру. Өндіріске техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оның техникалық және экономикалық индикаторлары.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері											
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)	
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>												
Мұнай қорларын жіктеу және көлемдік әдісті, өндіру көлемінің төмендеу қисығын және материалдық балансты (p/z) пайдалана отырып, барланған қорларды бағалау; сондай-ақ өндіру көлемінің уақытқа байланысты өзгерісін болжау.												✓
Мұнай ресурстарына иелік етудің (меншіктеудің) негізгі формасын, сондай-ақ Қазақстанда және халықаралық деңгейде оларды пайдаланумен байланысты заңдарды, фискалдық жүйелерді және қаржылық мүдделерді қысқаша есеп беру ретінде көрсету.								✓				
Мұнай жобалары үшін ақша ағынына стандартты талдау жүргізу және ұсынылатын жобалардың қолайлылығын анықтау және қолайлы жобалар тізіміндегі неғұрлым тартымдысын бөліп қарастыру.												✓
Қорларды бағалау мен экономикалық бағалаудағы белгісіздікті бағалау												✓
Шешім қабылдау процесіне әлеуметтік, саяси, мәдени және экологиялық факторларды біріктіру.								✓	✓	✓		
Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында						Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК			67-бет (116)		



**РЕТ169 – Мұнай-газ құрылыстарын жобалау және пайдалану**

**КРЕДИТ – 3 (1/0/2)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – РЕТ160 Мұнай өндірудің технологиясы және техникасы**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Студенттерге мұнай, газ және суды жинау мен дайындау процестерінің физикалық негізінен білім алуына, мұнайгаз кәсіпшіліктерінде ұңғы өнімдерін дайындау технологиясының есептерін үйренуге, мұнай кәсіпшілік жабдықтарында өтіп жатқан процестердің маңызын аша білуге үйрету.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл курс мұнай-газ өнеркәсібінде қажетті жер үсті құрылыстарын зерттеуді қамтиды. Мұнай кен орнының аудан көлемі мен конфигурациясын ескере отырып, ұңғы өнімін қысыммен жинау жүйесі; мұнайдан газды бөлу; мұнай-газ сепараторларының (айырғыштарының) негізгі мақсаттары мен түрлері; газ бен сұйықтың өткізу қабілетін ескере отырып, мұнай-газ сепараторларын есептеу; құбырлардың жіктелуі; құбырлардың ластануын және бітелуін болдырмау және оларды тазалау әдістері; мұнайды өңдеу; мұнай эмульсиялары және олардың қасиеттері; мұнай эмульсияларын бұзудың негізгі әдістері; резервуарлардың мақсаттары мен түрлері.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Мұнай және газ ұңғыларын аяқтау және өндіру үшін пайдаланылатын негізгі компоненттерді (функцияларды, материалдарды және денсаулықты қорғауды, қоршаған ортаны және қауіпсіздікті қоса алғанда) және әдістерді сипаттау							✓				
Жер үсті және теңіз кешендерінде флюидтерді өлшеудің, сепарациялық жер үсті құрылыстарының, мұнай және газды өндірудің объектілері болып табылатын негізгі компоненттерді (функцияларды, материалдарды және денсаулықты қорғау, қоршаған ортаны және қауіпсіздікті сақтау) сипаттау							✓				
Мұнай өндіру жүйесінің компоненттері арқылы сұйықтың күтілетін қысым жоғалтуын есептеу.	✓					✓					
Ұңғының конструкциясы, тау жыныстары мен флюидтердің қасиеттері және ағын сипаттамалары негізінде өндіру қарқынын	✓		✓								
Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында					Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК			69-бет (116)		

арттырудың тиісті технологияларын ұсыну											
Ұңғының конструкциясы, тау жыныстары мен флюидтердің қасиеттері және ағын сипаттамалары негізінде өндірудің тиісті механикаландырылған тәсілін таңдау және әзірлеу	✓		✓								
Құммен күресудің қажеттілігін мойындау және ең жақсы әдісін ұсыну	✓		✓								
Флюидтердің белгілі бір қасиеттері мен өндіру шарттары кезінде күтуге болатын үздіксіз ағынын қамтамасыз ету үшін проблемалар түрлерін анықтау	✓		✓								
Бір және екі фазалы ағындарды және сүзілу (фльтрация) режимін сипаттау үшін зертханалық сынақтардың нәтижелерін әзірлеу, жүргізу және талдау	✓	✓									
Үш фазалы ағын кезіндегі сепаратордың (айырғыштың) тиімділігін растау және бір фазалы ағын кезіндегі сораптардың өнімділігін растау үшін, бір фазалы және екі фазалы ағын жағдайындағы СКҚ (НКТ) / құбырлардағы сұйық қысымының жоғалуын растау үшін зертханалық сынақтарды әзірлеу, жүргізу және талдау.	✓	✓									

**РЕТ130 - Мұнай-газ инжинирингі семинары**

**КРЕДИТ – 3 (2/1/0)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – жоқ**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Аталған пәннің басты мақсаты – ол мұнай-газ ісі мамандығы бойынша білім алушы студенттерге ғылыми жұмысты жазу, орындау және оны қорғау дағдыларын үйрету. Өзіндік зерттеу жұмыстарын жасау барысында академиялық аргументтерді түсіндіре және дәлелдей білуді үйрету, сонымен қатар академиялық дебаттар барысында өз ойын негіздей отырып жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Болашақ түлектердің бойында бітіргеннен кейін жұмыс табуына септігін тигізетін дағдыларды қалыптастыру (жұмысқа тұрар алдында сұхбаттасу дағдылары) және оған қажетті құралдарды (түйіндеме жазу, LinkedIn жеке парақшасын ашу) қолдануға үйрету.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Пәнді өту барысында келесі тақырыптар ұсынылады: (1) Ғылыми жұмыс тақырыбын тандау, оны негіздеу және өзектілігін айқындау. (2) Ғылыми тақырып бойынша аралық әдеби шолу жасау. (3) Тақырыпты кеңінен қамтитын ғылыми тақырып бойынша шолу жасау. (4) Ғылыми тақырып бойынша кең ауқымды әдеби шолу жасау.

(5) Кейс-стади және анализ: тақырып бойынша келтірілген негіздемелерді барлық қырларынан қарастыру. (6) Орындалған ғылыми жұмысты түйіндеу, қорытындылар жасау. (7) Ғылыми жұмысты көпшілік алдында қорғау дағдылары. (8) «Public speaking» көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдылары. (9) Сәтті түйіндеме және мотивациялық хат жазу дағдылары. (10) Жұмыс іздеуде көмекке келетін әлеуметтік-кәсіби желілер. (11) Электрондық жәшік ашу, қолдану және ресми хат жазу дағдылары. (12) Жұмыс берушімен алғаш сұхбаттасу: жиі қойылатын сұрақтар, өзін-өзі ұстау мәнері.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Әрі қарай зерттеу қажеттілігі мен зерттеу мақсаттарына арнап (зерттеудің өзектілігінен, алдыңғы жұмыстардың әдеби шолуынан тұратын мақала / презентация үшін) кіріспе дайындау					✓		✓		✓		✓
Міндеттерді (тапсырмаларды), деректерді және пайдаланылатын әдістерді, сондай-ақ зерттеуде жасалған жорамалдарды ескере отырып, мақалалар / презентациялар үшін "Әдіснама" бөлімін дайындау			✓		✓		✓		✓		✓
Тәуелсіз зерттеудің нәтижелерін инженерлердің және мұнайшы инженерлер қоғамының (SPE) таныстыру		✓					✓				✓
Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында					Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК				71-бет (116)	

стандарттарына сәйкес келетін мәтіндік, кестелік және графикалық түрде қорыту											
Зерттеу нәтижелерін талдау және интерпретациялауды ескере отырып, баяндама / презентация үшін "Талқылау" бөлімін дайындау		✓			✓		✓		✓		✓
Баяндаманың техникалық бөлімінде көрсетілген барлық әдебиеттерді қоса алғанда, стиль бойынша SPE жетекшілігіне сәйкес "Пайдаланылған әдебиет" бөлімін дайындау					✓	✓	✓		✓		



**РЕТ113 - Көпсалалы мұнайгаз жобасы**

**КРЕДИТ – 3 (2/1/0)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – РЕТ130 Семинар нефтегазового инжиниринга**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Бұл пәннің мақсаты - студенттердің топта тиімді жұмыс істеуі мен әріптестерімен, менеджермен және салалық өкілдерімен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл курс мұнай-газ саласындағы нақты міндеттерді шешу үшін геология, геофизика және мұнай инженериясы білімдерінің интеграциясы бойынша студенттер үшін көп пәндік жағдайларды қамтамасыз етеді. Студенттер командаларда жұмыс жасайды және курс аяқталғаннан кейін өз жұмысының нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде ұсынады.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Қатарластары мен нұсқаушылардың бағалауына бағдарланып, тиімді жұмыс істеу				✓							
Жобада негізгі мәселелерді шешу үшін қандай мәліметтер мен нақты әдістер қажет екендігін түсіндіру.			✓		✓						✓
Шешім қабылдау процесінің әр түрлі қадамдары барысында ескерілуі қажет түрлі техникалық, экономикалық, әлеуметтік, саяси немесе басқа да шектеулерді сипаттау.		✓		✓				✓		✓	✓
Техникалық мәселелерді шешуге әзірлеу (жасап шығару) қағидасын қолдану		✓	✓								
Тиісті құралдарды пайдалана отырып, өнімділікті болжау және оңтайландыру.			✓	✓	✓						✓
Деректердегі белгісіздікті зерттеу, нәтижелер үшін ықтимал салдарды талқылау және тәуекелдерді азайту тәсілдерін қарастыру.			✓					✓			
Жазбаша есепте инженерлік зерттеу нәтижелерін тиімді ұсыну.							✓				

**ЕСА101, ЕСА102 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау**

**КРЕДИТ – 12**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – жоқ**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Студенттің топта және жеке-дара жұмыс істеу дағдыларын дамыту; деректерді талдау және интерпретациялау; жаңа шешімдерді әзірлеу; шешімдердің негіздемесі, сондай-ақ нәтижелер.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл студенттердің қорытынды бағасының міндетті компоненті.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Мұнай-газ саласындағы инженерлік мәселелерді тәуелсіз зерттеудің нақты мақсаттарына қол жеткізу үшін ақпаратты жинау, есептер жасау және / немесе деректерді талдау		✓	✓		✓				✓		✓
Зерттеудің нәтижелерін инженерлердің және мұнайшы инженерлер қоғамының (SPE) таныстыру стандарттарына сәйкес келетін мәтіндік, кестелік және графикалық түрде қорыту		✓					✓				✓
Деректермен, есептермен және / немесе талдаумен расталған жобаның мақсаттарына сәйкес тәуелсіз зерттеуден тиісті қорытындылар келтіру		✓	✓		✓		✓		✓		
Орындалған жұмыстың шектеулерін анықтау және егер қажет болса, зерттеудің нәтижелері мен талқылауларында ұсынылған дәлелдемелермен бекітілген одан әрі зерттеу үшін ұсынымдар дайындау		✓	✓		✓		✓		✓		
Зерттеу нәтижелерінің және қорытындыларының маңыздылығын, әлеуетті пайдасын және мүмкін болатын қолданылуын анықтаңыз			✓		✓		✓	✓	✓		
SPE стандарттарына сәйкес тәуелсіз зерттеудің мақала / презентация үшін жобаның мазмұнын жасап, абстракт жазу							✓				
Зерттеу нәтижелері, қорытындылары мен ұсыныстары дұрыс және пайдалы екенін көрсету үшін ауызша презентацияда							✓				✓

пайдалануға болатын тәуелсіз зерттеу үшін Microsoft PowerPoint слайдтарын дайындау											
PowerPoint слайдтарын пайдалана отырып, мұнай өнеркәсібіндегі инженер-практиктер тобына және оқытушыларға арнап 10-15 минут ішінде өз бетінше зерттеу нәтижелерін ауызша түрде ұсыну							✓				

## ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**РЕТ102 - Бұрғылау ерітінділері мен тығындау қоспалары**

**КРЕДИТ – 3 (2/0/1)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – жоқ**

### ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Пәнді оқып-үйрену мақсаты - бұрғылау және тығындау ерітінділері туралы білімді, коллоидтық химия - дисперстік жүйелердегі беткі құбылыстар туралы ғылымының негізгі заңдарына негізделген полидисперсті гетерогенді жүйелер ретінде білім алушыларға жеткізу. Пәнді оқу нәтижесінде студент келесілер туралы білім алу керек: ұңғымаларды бұрғылау және аяқтау кезіндегі жуудың және тығындаудың рөлі туралы; әртүрлі бұрғылау және герметикалық ерітінділерді қолданудың құрамы, сипаттамалары; бұрғылау және тығындау ерітінділерінің, сондай-ақ осы мақсатта қолданылатын материалдарды реттеу әдістері туралы.

### ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Пән мұндай тақырыптарды қамтиды, бұрғылау ерітінділерінің классификациясы, бұрғылау ерітінділерінің негізгі технологиялық қасиеттері, тампонажды сұйықтар мен цемент тасы, химиялық өңдеудің және сыртқы факторлардың бұрғылау ерітінділерінің қасиеттеріне әсері, қасиеттерін басқару әдістері, бұрғылау ерітіндісінің тығыздығын таңдау, бағдарламалар мен технологиялық регламенттерді жасау, циркуляциялық жүйесі, бұрғылау ерітіндісін дайындау және тазалау.

### ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ

#### Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы

Пән нәтижелері	3-критерий: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Бұрғылау ерітінділерінің, тампонажды сұйықтықтардың және цемент тасының негізгі технологиялық қасиеттерін білу				✓		✓				✓	✓
Жуу сұйықтығының және тампонажды ерітіндінің негізгі параметрлерін өлшеу	✓		✓				✓				
Жуу және тампонажды ерітіндінің негізгі технологиялық параметрлерін анықтау және реттеу әдістерін меңгеру					✓			✓			✓
Сазды жыныстар, полимерлі реагенттердің және су негізді ерітінділерінің қасиеттерін толық сипаттамасын әзірлеу		✓		✓							
Фазалардың беттік бөлінісінің қасиеттерін түсініп, оларды ұңғыманың физикалық-химиялық процестеріне әсерін талдау..			✓	✓	✓			✓			
Ұңғымалық деректерді зерттеу және талдау үшін ылғалдылық кинетикасы және цемент катуын біріктіру		✓				✓					

Бұрғылау және тампонажды ерітінділерін құрылымның қалыптасуын білу	✓							✓		✓
Бұрғылау ерітінділерінің қасиеттеріне химиялық өндеудің және сыртқы факторлардың әсерін бағалау					✓					✓
Бұрғылау ерітінділерін дайындау және тазалау процесінде бұрғылау ерітінділерінің оңтайлы тығыздығын таңдау.		✓		✓					✓	

**РЕТ117 - Жер қойнауын пайдаланудағы құқықтық мәселелер**

**КРЕДИТ – 3 (2/0/1)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – жоқ**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Пәннің негізгі мақсаттары мен міндеттері: жер қойнауын пайдалану саласындағы негізгі принциптер, тұжырымдамалар, жер қойнауын пайдалану, заңды қатынастар құрылымы мен мазмұны, жер қойнауын пайдалануды реттейтін заңнамалық реттеу, халықаралық шарттар мен келісімдердің қолданыстағы нормалары туралы білімді қалыптастыру.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл курс мұнайгаз бизнесін реттейтін заңның негізгі аспектілерін қамтиды. Онда мұнайгаз заңнамасының ғылыми-техникалық негіздері, энергетикалық саясат және мұнай мен газды жалға алу сияқты тақырыптар қарастырылған. Бұл курс жекеменшік минералдық ресурстардың дамуын реттейтін жиі мемлекеттік ресурстарға да қатысты нормативтік-құқықтық актілерге негізделген. Мұнда табиғат, мұнай мен газға құқықтарды қорғау және беру, лизинг және салық салу сияқты тақырыптар қамтылған. Пән Қазақстанның нормативтік-құқықтық базасында пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен жалпы ережелерді, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу және сатып алу үшін қажетті рұқсаттар мен келісімдерді алуды қарастырады.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерий: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Қазақстанның нормативтік-құқықтық базасының жалпы ережелері мен тұжырымдамаларын түсіну		✓									✓
Мәмілелер мен құжаттардың түрлерін білу	✓					✓	✓				
Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жағдайларын білу		✓		✓		✓					✓
Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасау процесін және дәйектілігін білу			✓					✓			
Теңізде барлау және өндіру жұмыстарын жүргізудің шарттарын білу		✓					✓				
Қауіпсіздік аймағында мұнай операцияларын жүргізуді білу		✓						✓			
Іздеу жұмыстарының жұмыс бағдарламасы мен жобасын жасау		✓									
Геологиялық барлау сатысынан өндірістік кезеңге өту кезінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру ерекшеліктерін түсіну					✓						✓
Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою			✓							✓	

және консервациялау процесін білу											

**РЕТ123 - Газ және газконденсатты кен орындарын игеру**

**КРЕДИТ – 3 (2/0/1)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – жоқ**

### ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Студенттерге газ және газ конденсатты кенорындарды игерудің теориялық негіздерін қалыптастыру.

### ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Газ және газ конденсат кен орындарын жобалау және дамыту теориясының негіздерін, өрісті дамыту жүйесін жетілдіру бойынша технологиялық шаралардың бағдарламасын әзірлеуді қамтиды.

### ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Газ және газ конденсат кен орындарының қабат энергиясын және игеру режимдерін білу;	✓	✓									✓
Газ кен орындарының дренаждық режимдерінің көріністері мен сипаттамаларын түсіну;	✓	✓									✓
Түрлі игеру режимдері бойынша кеуекті орталарда сұйықтықтарды сүзу процесінің математикалық сипаттамасын жасау;		✓									
Кен орындарын игеру жүйесін құрудың негізгі принциптерін түсіну;			✓					✓			
Әртүрлі жағдайларда газ және газ конденсат кен орындарын игерудің технологиялық көрсеткіштерін есептеудің әдістемелік принциптерін әзірлеу (өнімді қабаттарға әсер етіп және әсер етпей);	✓	✓							✓		
Газ шығымын және конденсатты ұлғайту мақсатында физика-гидродинамикалық, физика-химиялық, жылулық, толқындық және өнімді құрамдарға әсер етудің басқа механизмдерін білу;	✓	✓						✓			✓
Газ және конденсат өндірудің әртүрлі технологияларында пайдаланылатын химиялық заттардың қасиеттері мен құрамын түсіну;			✓	✓	✓						✓
Кейбір ағымдағы мәселелерді және олардың резервуарды басқаруды немесе тұтастай										✓	



алғанда мұнай өнеркәсібіне қалай әсер ететінін сипаттай білу;											
Белгілі бір кенорын жағдайында қабат сұйықтықтарын фильтрациялау процесінің механизмін анықтай білу (шоғырлар);			✓					✓			
Газ және конденсат кен орындарын игерудің нақты көрсеткіштеріне әсер ететін проблемалық мәселелерді талдау (шоғырлар);							✓				✓
Есептеудің инженерлік әдістерін практикада қолдану, даму жүйесінің элементтерінің тиімділігін бағалау;					✓						✓
Кен орындарын игеру жүйесін жетілдіру бойынша технологиялық шаралар бағдарламасын әзірлеу (шоғырлар);	✓						✓				
Осы саладағы геологиялық-технологиялық шаралардың тиімділігін бағалау (шоғырлар);				✓				✓	✓		
Газ және газ конденсат кен орындарын игерудегі жинақталған білімді тәжірибеде пайдалану;			✓					✓			
Газ және газ конденсат кен орындарын игерудің технологиялық көрсеткіштерін инженерлік есептеулер әдісін білу (шоғырлар);				✓							✓
Газ және газ конденсат кен орындарын игеру туралы ақпараттарды түсіндіру және ғылыми мәселелерді шешу негіздерін меңгеру (шоғырлар);		✓								✓	

**РЕТ159 - Мұнай-газ жабдығын коррозиядан қорғау**

**КРЕДИТ – 3 (2/0/1)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – жоқ**

### **ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Студенттерге ортаның коррозиялық белсенділігін өз бетінше бағалай алатындай, мұнай газ кешендеріндегі жабдықтардың коррозияға қарсы қорғаныс заттары мен құрастырма материалдарын таңдау үшін теориялық және тәжірибелік дайындық жасау. Тәжірибелік жағдайда білімнің негізгі заңдылықтарын негізге ала отырып технологиялық есептерді шешу кезінде алынған білімді дәл және нақты қолдана білу.

### **ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Коррозиялық процестердің анықтамасы мен негізгі түсініктемелері. Металдың химиялық коррозиясы. Металдың электрохимиялық коррозиясы. Коррозиялық зерттеулер. Металл конструкцияларын оқшаулау. Жерасты металл конструкцияларын катодты қорғау. Құбырларды және цистерналарды катодты қорғау. Резервуарлар мен құбырларды протекторлы қорғау. Жерасты құбырларының электрдренажды қорғанысы. Ингибиторлы коррозия.

### **ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

#### **Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

<b>Пән нәтижелері</b>	<b>3-критерийі: Студент нәтижелері</b>										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Тасымал жүйесінің объектілерінің тағайындалуы мен құрамын, сызықты бөлігін, айдайтын сорғыны және компрессорлық станцияларды, тасымалдау режимдерін, айдаудың технологиялық шарттарына сәйкестігі туралы талаптарды түсіну;	✓	✓									✓
Автоматтандыру және техникалық процестерді интеллектуализациялау саласындағы заманауи жетістіктерді, өлшеу принциптерін білу;	✓	✓									✓
Технологиялық объектілердің физикалық сипаттамалары мен жұмыс режимдерінің қауіпсіз мәндерін бағалау;		✓		✓					✓		
Командадағы компьютерлендірілген жұмыс орындарында бақылау және басқару жүйелерінде, әр түрлі ақпараттық арналарды қолданумен байланысты кәсіптер мамандарымен жұмыс істеу;						✓					
Ауытқулардың салдарын азайту және тәуекелдерді басқару;	✓				✓						✓
Резервуардың қасиеттерін есептеу үшін	✓		✓								✓

интерпретациялау және түсіндіру;											
Заманауи бағдарламалық қамтамасыз ету, автоматтандырылған жұмыс орындарын пайдалану арқылы технологиялық үдерістерді басқарудың дағдылары, инженерлік және ұйымдастырушылық шешімдердің салдарын бағалау әдістері.			✓					✓			✓

**РЕТ170 - Газмұнай құбырларын жобалау және пайдалану**

**КРЕДИТ – 3 (1/0/2)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – жоқ**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Пәннің негізгі мақсаты студенттердің қойма құрылыстарын, жанармай құю станцияларын, газ желілерін жобалау мен пайдаланудағы, газ және мұнай құбырларының, газ және мұнай қоймаларын салу мен жөндеудегі, көліктік объектілерді техникалық диагностикалау негіздерін және мұнай мен газды сақтаудағы негізгі дағдыларды игеру болып табылады.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Пәнде сұйық және газ тәріздес көмірсутектерін құбырөткізгіштермен тасымалдаудың негізгі жағдайлары қарастырылған, құбырөткізгіштердің жіктелуі мен оның негізгі объектілері, мұнай мен газды магистральді құбырөткізгіштер арқылы қайта айдаудағы технологиялық үрдістердің маңызы, сонымен қоса магистральді құбырөткізгіштердің технологиялық есептеулері қарастырылады. Курстың негізгі тақырыптары: мұнай құбырларының гидравликалық есептеулері. Күрделі құбырөткізгіштерді есептеу. Құбырөткізгіштерді тазалаудың тиімді кезеңдерін анықтау. Жоғары тұтқырлықты және тез қататын мұнайды қайта айдау ерекшеліктері. Магистральді құбырөткізгіштердегі газ бен суды шығару жағдайларын анықтау. Ішкі қуысты тазалау және магистральді құбырөткізгіштерді беріктік пен төзімділікке сынау. Мұнайөткізгіштерінің су асты өткелдері. Жер асты құбырөткізгіштерін ауыстыру есебі.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Құбырөткізгіштердің жіктелуі мен тағайындауын білу керек	✓	✓				✓					
Құбырөткізгіштердің қабырғасының қалыңдығын анықтау есебін жүргізе білу	✓	✓						✓			
Магистральді құбырөткізгіштердің құрылысының сапасын бақылаудың жоспарын құрастыру				✓			✓				
Қажетті МСС саны, газмұнай құбырларының асу нүктелерін анықтай білу				✓				✓			✓
Мұнай және мұнай өнімдерін қайта айдау ерекшеліктерін түсіне білу				✓							✓
Жоғары тұтқырлықты және тез қататын мұнай ерекшеліктерін түсіне білу	✓	✓							✓		
Бағаның айқын еместігі мен үлгілеуді пайдалану арқылы құбырөткізгіштердің өнімділігін тиімді ету мен болжай білу			✓						✓		
Құбырөткізгіштерге өту мен ішкі қуыс жағдайын бағалай алу										✓	

Мұнай мен газды сақтау, тасымалдау, дайындау, жинау объектілерінің жобалық, жұмыс және технологиялық құжаттарын құрастыруда жобалаудың заманауи әдістер мен бағдарламалық құралдарын қолдана білу	✓										✓
Негізгі және қосымша жабдықтар мен өндірістік және магистральді құбырөткізгіштер жүйесін жобалаудағы негізгі көзқарастар	✓			✓							
Арнайы заманауи технологиялар қолдана отырып құбырөткізгіштердің гидравликалық және басқа да есептеулерін орындай білу	✓										
Жәй және күрделі құбырөткізгіштерді есептеудің мәселелерін шешу алгоритмдерін ажырата білу			✓		✓						
Жобаланатын магистральді құбырөткізгіштердің параметрлерін оңтайландыруды қарастыратын сұрақтар							✓				✓
Магистральді құбырөткізгіштердің технологиялық есептеулерін жүйелеу, магистральді құбырөткізгіштерді тазалау. Құбыр қабырғасының қалыңдығын анықтай білу.	✓							✓			
Мұнай және мұнай өнімдерін қайта айдаудың негізгі ережелерін меңгеру. Құбырөткізгіштерді коррозия мен қысым бойынша артық жүктелуден қорғай білу		✓	✓								
Газмұнай құбырларын жобалау бойынша типтік техникалық шешімдер қабылдай білу	✓						✓				
Құбырөткізгіштердің беріктігін есептей алу	✓										

**РЕТ178 – Мұнай инженериясы үшін есептеу гидродинамикасы**  
**КРЕДИТ – 3 (1/1/1)**  
**ПРЕРЕКВИЗИТ – МАТ105 Дифференциалды теңдеулер MatLab**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Осы пәнді оқып-үйрену мақсаты - жылу алмасу, турбуленттік модельдерді құруда студенттердің іргелі дайындығы. Сондай-ақ турбоагрегаттардың, мультифазалық ағындардың және массалық алмасудың негізгі қағидаларын қалай қолдануға үйретеді.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл пәнде есептеу гидродинамикасы мен жылу алмасу негіздері, қабаттағы сұйық ағынын модельдеу тәсілдері және мұнай мен газдың тасымалдау параметрлерін болжау үшін есептеу әдістерінің қолданылуы қарастырылады.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерий: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Есептеу гидродинамикасының негіздерімен таныс болуы.											
Тор құру және сандық шешу алгоритмін реализациялау.					✓			✓			
Есептеу гидродинамикасының классикалық есептерін классикалық сандық әдістерді қолдана отырып шешу.	✓				✓						
Гидродинамикалық және жылу алмасу процестерін есептеу үшін математикалық және сандық модельдер құру.				✓		✓					✓
Үзіліссіздік теңдеуін, импульстің сақталуы теңдеуін, энергияның сақталуы теңдеуін және газ үшін жағдай теңдеуін айыра білу.			✓								✓
Модельдеудің көмегімен мұнай тасымалдау кезіндегі жылу алмасуды бағалау.				✓	✓						
Қабаттағы гидродинамикалық процестерді модельдеу үшін шекті айырымдар әдісін және шекті көлемдер әдісін қолдану.	✓		✓								

**РЕТ104 - Қабаттың геомеханикасы**

**КРЕДИТ – 3 (2/0/1)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – жоқ**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

«Геомеханика» пәні минералды ресурстарды игеру кезінде жер қыртысында және тау жыныстарында кездесетін физикалық үдерістер туралы жалпы түсінік қалыптастырады және кен орындарын игерудің геомеханикалық және тау-кен жұмыстарының жағдайларын жан-жақты талдау негізінде тау-кен жұмыстарын басқарудың және басқарудың ұтымды тәсілдерін дербес таңдау дағдыларын қалыптастырады.

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл пән келесіні қамтиды және келесі сұрақтарға жауап береді: бұрғылау, өндіру және игеру мұнайгаз қабатындағы кернеулердің таралуына қалай әсер етеді; өзгеріске ұшыраған кернеулер қалайша түрлі мәселелерді тудыруы мүмкін; ұңғымаларды қауіпсіз түрде қалай бұрғылауға болады; өндіруді арттыру үшін көлденең ұңғымалардың профилін оңтайлы жобалау; мұнайгаз қабаттарын игеруде геомеханиканың маңызы. Сонымен қатар, пән ұңғыма қабырғаларының тұрақтылығын есептеу, 1D механикалық қасиеттерінің моделін (МҚМ) құру, ұңғыма қабырғаларының орнықсыздығы мен тұрақтылығын талдау әдіснамаларына кіріспені қамтиды.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерий: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Қабат геомеханикасының негізгі ұғымдарын түсіну			✓								✓
Қабат және литостатикалық қысымдарын есептеуде ұңғымадан алынған деректерді пайдалану			✓			✓				✓	
Бұрғыланған ұңғымаларда орын алған шиеліністердің жиынтық картасын құру					✓						
Горизонталды кернеулерді, ішкі үйкелу бұрышын және үйкелу коэффициентін анықтау үшін есептеулерді жүргізу	✓		✓			✓					
Ұңғыма оқпанының тұрақтылығына байланысты жиынтық рисктерді бағалау		✓			✓						✓
Ұңғыма оқпанының тұрақтылығын бағалау үшін стереографиялық колонналарын құру және талдау		✓				✓					
Ұңғыманы модельдеу және белгісіздікті бағалау арқылы ұңғыма өнімділігін болжау және оңтайландыру		✓			✓						✓

**РЕТ105 - Геостатистика**

**КРЕДИТ – 3 (2/0/1)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – МАТ105 Дифференциалдық теңдеулер. MatLab**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Осы пәнді меңгеру нәтижесінде геостатистикалық әдістер игеріліп, мұнай мен газ саласындағы зерттеулер жүргізу кезінде кеңістіктік деректерді талдау және үлгілеу үшін программалық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын игеру керек.

**КУРСТЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Геостатистикаға кіріспе. Аймақтық (немесе кеңістіктік) айнымалылар. Бағалаудағы қателердің көзін анықтау критерийін сандық түрге аудару, геостатикалық көзқарастың іргелі негізі, бағалау қателігінің дисперсиясы және орташа мәні. Вариограмманы есептеу, интерпретациялау, вариограмма көрсеткіштерінің өзгеруін физикалық себептермен (геология, іріктеу) байланыстыру. Ауытқулар, ковариациялар, Крига көлемінің дисперсияға қатынасы. Дисперсияның таралуы және бағалау дисперсиясы / бірөлшемді және екіөлшемді өлшеудегі жалпы есептеулер. Әлемдік баланстық және баланстан тыс қорларды бағалау. Оңтайлы бағалау және кригингке кіріспе.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Ықтималдық және бірөлшемді статистиканың негізгі түсініктерін, қос бағытты статистиканы және кеңістіктік қатынастарды, ковариацияны және корреляцияны, екінші реттік стационарлықты түсіну	✓	✓									✓
Бағалау және модельдеу вариограммасын, қабатты кеңістіктік бағалау және статикалық модельдеуін, қарапайым кригингты, белгісіздікті талдауды, шартты моделдеуге қарағанда бағалауды, дәйекті гауссалық модельдеуді қолдану	✓	✓									✓
Геостатикалық және инженерлік әдістер арқылы көмірсутек қабатының толық сипаттамасын әзірлеу		✓		✓							✓
Қабаттың толық сипаттамасын және ұңғыма деректерін ескере отырып, қабаттың симуляциялық моделін жобалау, құру және бағалау			✓	✓							✓
Жер қойнауы туралы мәліметтерді талдау және зерттеу үшін геостатистикалық әдістер мен геологиялық ақпаратты біріктіру	✓	✓									✓
Құрастырған: Мұнай Инженерия кафедрасы	Қарастырылған: ГЖМГ Институты Ғылыми Кеңесі отырысында					Бекітілген: ҚазҰТЗУ ОӘК			88-бет (116)		



Қабаттың қасиеттерін бағалау үшін есептеулер қателерін анықтап, интерпретациялау	✓	✓									✓
Қабатты модельдеу және белгісіздікті бағалау арқылы қабаттың өнімділігін болжау және оңтайландыру			✓	✓	✓						✓
Кейбір заманауи мәселелерді және олардың қабатты игеруіне немесе жалпы мұнай өнеркәсібіне қалай әсер ететінін сипаттау										✓	

**РЕТ171 - Көп фазалы ағындар жүйелері**

**КРЕДИТ – 3 (2/0/1)**

**ПРЕРЕКВИЗИТ – РЕТ112 Сұйықтар мен газдардың механикасы**

**ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Студенттерді көпфазалы ағым теориясы жай-күйімен таныстыру. Екі фазалық ағындардың сипаттамаларын есептеу әдістерін жалпы түсіну; Көпфазалық ағындарды физикалық модельдеу әдіснамасын меңгеру;

**ПӘННІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

Бұл пән горизонталь, көлбеу, вертикаль ұңғымалардағы, құбарлардағы көп фазалы ағындардың түзілуін, динамикалық есептеулер жүргізу және технологиялық параметрлерді анықтау методикаларын түсіндіреді. Студенттер көп фазалы ағындар үшін негізгі сақталу заңдарымен және фазалар арасындағы қатынастармен танысады.

**ПӘНДІ АЯҚТАУ БАРЫСЫНДА АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ**

**Пән нәтижелері – студент нәтижелері матрицасы**

Пән нәтижелері	3-критерийі: Студент нәтижелері										
	(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)
<b>Пәнді аяқтау кезінде студенттер келесіге қабілетті болу керек:</b>											
Көп фазалы ағын жүйелерінің негізгі концепцияларын түсіну.		✓					✓				✓
Газ және сұйық қоспаларын тасымалдауда жүйе жұмысының технологиялық параметрлерін анықтау үшін эмпирикалық корреляцияларды пайдалану.	✓					✓					✓
Мұнай-газ транспорт жүйелеріндегі көп фазалы ағындардың гидродинамикалық есептеулерін жасау.		✓		✓				✓			
Кен орнын өңдеуді оптимизациялау үшін көп фазалы ағындардың гидродинамикалық моделін құру.			✓	✓							
